

Сәйкестікті бағалау қағидаларын бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Сауда және интеграция министрінің м.а. 2021 жылғы 29 маусымдағы № 433-НҚ бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2021 жылғы 8 шілдеде № 23364 болып тіркелді.

ЗҚАИ-ның ескертпесі!

Осы бұйрық 01.07.2021 бастап қолданысқа енгізіледі.

"Техникалық реттеу туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 7-бабы 2-тармағының 1) тармақшасына сәйкес, БҰЙЫРАМЫН:

1. Қоса беріліп отырған Сәйкестікті бағалау қағидалары осы бұйрыққа 1-қосымшаға сәйкес бекітілсін.

2. Осы бұйрыққа 2-қосымшаға сәйкес кейбір бұйрықтардың күші жойылды деп танылсын.

3. Қазақстан Республикасы Сауда және интеграция министрлігінің Техникалық реттеу және метрология комитеті заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді;

2) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Сауда және интеграция министрлігінің интернет-ресурсында орналастыруды қамтамасыз етсін.

4. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасының Сауда және интеграция вице-министріне жүктелсін.

5. Осы бұйрық 2021 жылғы 1 шілдеден бастап қолданысқа енгізіледі және ресми жариялануға тиіс.

*Қазақстан Республикасының
Сауда және интеграция министрінің м.а.*

Е. Казанбаев

Қазақстан Республикасының
Сауда және интеграция
министрінің м.а.
2021 жылғы 29 маусымдағы
№ 433-НҚ бұйрыққа
1-қосымша

Сәйкестікті бағалау қағидалары

1-тарау. Жалпы ережелер

1. Осы Сәйкестікті бағалау қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар) "Техникалық реттеу туралы" Қазақстан Республикасы Заңының (бұдан әрі – Заң) 7-бабы 2-тармағының 1) тармақшасына сәйкес әзірленді және сәйкестікті бағалау тәртібін айқындайды.

Осы Қағидалар өнімдердің, көрсетілетін қызметтер мен процестердің техникалық регламенттерінде белгіленген талаптарға, стандарттау жөніндегі құжаттарға және (немесе) өтініш берушінің талаптарына сәйкестігін бағалау кезінде қолданылады.

Осы Қағидалар сәйкестікті міндетті және ерікті растау кезінде қолданылады.

Ескерту. 1-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Сауда және интеграция министрінің м.а. 09.10.2024 № 350-НҚ (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

2. Осы Қағидаларда мынадай негізгі ұғымдар пайдаланылады:

1) аккредиттеу – аккредиттеу жөніндегі орган өтініш берушінің белгілі бір салада техникалық реттеу объектілерінің белгіленген талаптарға сәйкестігін растау жөніндегі жұмыстарды орындауға құзыреттілігін ресми танытын рәсім;

2) аккредиттеу саласы – аккредиттеу қолданылатын, ресми танылған сәйкестікті бағалау объектілері;

ЗҚАИ-ның ескертпесі!

3) тармақша жаңа редакцияда көзделген - ҚР Сауда және интеграция министрінің м.а. 01.04.2026 № 155-НҚ (12.07.2026 бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

3) мемлекеттік техникалық реттеу жүйесі деректерінің тізілімі (бұдан әрі – техникалық реттеу тізілімі) – техникалық регламенттердің, аккредиттеу субъектілерінің, сәйкестікті бағалау туралы берілген құжаттардың, сәйкестікті растау жөніндегі сарапшы-аудиторлардың, жабдықтардың, техникалық регламенттер талаптарына сәйкес келмейтін өнімдер туралы ақпараттың және техникалық реттеу саласындағы өзге де мәліметтердің электрондық дерекқоры;

4) міндетті сертификаттау – техникалық реттеу объектілерінің сәйкестігін растау жөніндегі органның техникалық регламенттер талаптарына сәйкестігін міндетті растау нысаны;

5) өнім – материалдық-заттай нысанда ұсынылған әрі шаруашылық және өзге де мақсаттарда одан әрі пайдалануға арналған қызмет нәтижесі;

6) өнімдердің және процестердің қауіпсіздігі (бұдан әрі – қауіпсіздік) – адамның өміріне, денсаулығына, қоршаған ортаға, оның ішінде өсімдіктер мен жануарлар дүниесіне зиян келтіруіне байланысты жол берілмейтін тәуекелдің болмауы;

7) өтінім беруші – Қазақстан Республикасының немесе Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттің заңнамасына сәйкес тіркелген, сәйкестікті бағалауды жүргізу үшін өнімді, процестерді және көрсетілетін қызметті ұсынған заңды тұлға немесе дара кәсіпкер ретінде тіркелген жеке тұлға (дайындаушы, импорттаушы, дайындаушы уәкілеттік берген тұлға, сатушы);

8) процесс – өнімнің өмірлік циклінің процестерін қоса алғанда, қандай да бір тапсырылған нәтижеге қол жеткізу мақсатында өзара байланысты және дәйекті әрекеттер (жұмыстар) жиынтығы;

9) сәйкестік белгісі – өнімнің және көрсетілетін қызметтің техникалық регламенттерде және (немесе) ұлттық стандарттарда белгіленген талаптарға сәйкестігін растау рәсімінен өткені туралы сатып алушыларға ақпарат беруге арналған белгіленім;

10) сәйкестік сертификаты – техникалық реттеу объектілерінің техникалық регламенттерде және (немесе) стандарттау жөніндегі құжаттарда белгіленген талаптарға сәйкестігін куәландыратын құжат;

10-1) көлік құралы конструкциясының қауіпсіздігі туралы куәлік – айналымға шығарылатын бірыңғай көлік құралының Кеден одағы Комиссиясының 2011 жылғы 9 желтоқсандағы № 877 "Доңғалақты көлік құралдарының қауіпсіздігі туралы" Кеден одағының техникалық регламентін қабылдау туралы" шешімімен қабылданған "Доңғалақты көлік құралдарының қауіпсіздігі туралы" Кеден одағының техникалық регламентінің (КО ТР 018/2011) талаптарына сәйкестігін куәландыратын құжат (бұдан әрі – КО ТР 018/2011);

11) сәйкестік сертификатының иесі – сәйкестік сертификатын алған, сәйкестікті бағалауды жүргізуге өтінім беруші;

12) сәйкестік туралы декларация – дайындаушы, импорттаушы, дайындаушы уәкілеттік берген тұлға немесе сатушы айналысқа шығарылатын өнімдердің, процестердің және көрсетілетін қызметтің техникалық регламенттер мен стандарттау жөніндегі құжаттардың талаптарына сәйкестігін куәландыратын құжат;

13) сәйкестікті бағалау – техникалық реттеу объектісіне қойылатын талаптардың сақталуын тікелей немесе жанама айқындау;

14) сәйкестікті ерікті түрде растау – өтінім берушінің бастамасы бойынша жүргізілетін, ол арқылы өнімдердің, процестердің және көрсетілетін қызметтердің стандарттау жөніндегі құжаттарға және (немесе) өтінім берушінің талаптарына сәйкестігін растау жүзеге асырылатын рәсім;

15) сәйкестікті міндетті растау – ол арқылы өнімнің техникалық регламенттерде белгіленген талаптарға сәйкестігін растау жүзеге асырылатын рәсім;

16) сәйкестікті растау – нәтижесі техникалық реттеу объектісінің техникалық регламенттерде және (немесе) стандарттау жөніндегі құжаттарда белгіленген талаптарға сәйкестігін құжаттамалық куәландыру (сәйкестік туралы декларация немесе сәйкестік сертификаты түрінде) болып табылатын рәсім;

17) сәйкестікті растау жөніндегі орган (бұдан әрі – СРО) – сәйкестікті растау жөніндегі қызметті жүзеге асыру үшін белгіленген тәртіппен аккредиттелген заңды тұлға;

18) сәйкестікті растау схемасы – сәйкестікті растау рәсімдерінің жиынтығы мен дәйектілігі;

19) сертификаттау – сәйкестікті растау жөніндегі орган ол арқылы өнімнің және (немесе) онымен байланысты процестің, сондай-ақ көрсетілетін қызметтің белгіленген талаптарға сәйкестігін куәландыратын рәсім;

20) сынақ зертханасы (орталығы) (бұдан әрі – зертхана) – сынақтарды (зерттеулерді) жүзеге асыратын заңды тұлға немесе заңды тұлғаның атынан әрекет ететін оның құрылымдық бөлімшесі;

21) техникалық реттеу саласындағы уәкілетті орган (бұдан әрі – уәкілетті орган) – техникалық реттеу саласында басшылықты және салааралық үйлестіруді жүзеге асыратын орталық атқарушы орган;

ЗҚАИ-ның ескертпесі!

22) тармақша жаңа редакцияда көзделген - ҚР Сауда және интеграция министрінің м.а. 01.04.2026 № 155-НҚ (12.07.2026 бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

22) техникалық реттеудің ақпараттық жүйесі – техникалық реттеу тізілімдеріндегі, өлшем бірлігін қамтамасыз етудің мемлекеттік жүйесінің, ұлттық стандарттау жүйесінің және Еуразиялық экономикалық одақтың сәйкестікті бағалау туралы берілген немесе қабылданған құжаттарының бірыңғай тізілімдерінің мәліметтері мен ақпараттарын сақтауға, өңдеуге, іздеуге, таратуға, беруге және ұсынуға арналған автоматтандырылған ақпараттық жүйе;

ЗҚАИ-ның ескертпесі!

23) тармақша жаңа редакцияда көзделген - ҚР Сауда және интеграция министрінің м.а. 01.04.2026 № 155-НҚ (12.07.2026 бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

23) техникалық реттеудің ақпараттық жүйесінің веб-порталы (бұдан әрі – веб-портал) – техникалық реттеудің ақпараттық жүйесіне бірыңғай қол жеткізу нүктесін ұсынатын интернет-ресурс.

Осы Қағидаларда пайдаланылатын өзге де ұғымдар мен анықтамалар Заңға сәйкес қолданылады.

Ескерту. 2-тармаққа өзгеріс енгізілді – ҚР Сауда және интеграция министрінің м.а. 09.10.2024 № 350-НҚ (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

3. Сәйкестікті бағалау мынадай нысандарда жүргізіледі:

1) сәйкестікті растау (сәйкестікті декларациялау және сертификаттау);

2) сынақтар, егер олар техникалық регламенттерге сәйкес сәйкестікті бағалаудың дербес нысаны болып табылса;

3) техникалық регламенттерде және (немесе) ұлттық стандарттарда белгіленген талаптарға сай келуге тиіс.

4. Өнімнің техникалық регламенттерде белгіленген талаптарға сәйкестігін растау сәйкестік туралы декларацияны тіркеу нысанында және (немесе) сертификаттауды жүргізу және сәйкестік сертификатын беру нысанында жүргізіледі.

Қазақстан Республикасының аумағында өнімдер мен процестердің сәйкестігін растау міндетті немесе ерікті сипатта болады.

Ескерту. 4-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Премьер-Министрі орынбасарының - Сауда және интеграция министрінің м.а. 30.03.2023 № 124-НҚ (алғашқы ресми жарияланған күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

5. Сәйкестікті міндетті растау сәйкестік туралы декларацияны қабылдау және міндетті сертификаттауды жүргізу нысандарында жүзеге асырылады.

Сәйкестікті міндетті растау тиісті техникалық регламентте белгіленген жағдайларда ғана және оның талаптарына ғана сәйкестікте жүргізіледі.

6. Сәйкестікті ерікті растау кез келген сәйкестікті бағалау объектілеріне қатысты олардың стандарттау жөніндегі құжаттарға сәйкестігі мәніне, ал олар болмаған жағдайда мәлімделген талаптарға өтініш берушінің бастамасы және талаптары бойынша жүргізіледі.

Ескерту. 6-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Премьер-Министрі орынбасарының - Сауда және интеграция министрінің м.а. 30.03.2023 № 124-НҚ (алғашқы ресми жарияланған күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

7. Сәйкестікті міндетті және ерікті растауды өтініш берушілермен жасалған шарт талаптарында аккредиттеу саласы шегінде СРО жүргізеді.

8. Сынақты аккредиттелген сынақ зертханасы (орталығы) жүргізеді. Белгіленген әдістеме бойынша өнім үлгісі қасиеттерінің, сәйкестікті бағалаудың өзге де объектісінің бір немесе бірнеше сандық және (немесе) сапалық сипаттамаларын анықтау сынақ нәтижесі болып табылады.

ЗҚАИ-ның ескертпесі!

8-1-тармақ жаңа редакцияда көзделген - ҚР Сауда және интеграция министрінің м.а. 01.04.2026 № 155-НҚ (12.07.2026 бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

8-1. Көлік құралы конструкциясының қауіпсіздігі туралы куәлік нысанында сәйкестікті бағалау нәтижесін техникалық реттеудің ақпараттық жүйесі арқылы аккредиттелген зертхана ресімдейді.

Ескерту. Қағидалар 8-1-тармақпен толықтырылды – ҚР Сауда және интеграция министрінің м.а. 09.10.2024 № 350-НҚ (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

2-тарау. Өнімді сертификаттау

1-параграф. Жалпы ережелер

ЗҚАИ-ның ескертпесі!

9-тармақтың бірінші абзацы жаңа редакцияда көзделген - ҚР Сауда және интеграция министрінің м.а. 01.04.2026 № 155-НҚ (12.07.2026 бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

9. Өнімді сертификаттау рәсімі техникалық реттеудің ақпараттық жүйесіндегі келесі кезендерді қамтиды:

1) өтініш берушінің осы Қағидаларға 1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша сертификаттау жүргізуге өтінім (бұдан әрі – өтінім) СРО-ға беруі;

2) өтінімді қоса берілген құжаттармен бірге СРО-ның қарауы және ол бойынша шешім қабылдауы, оның ішінде өтініш беруші таңдаған өнімді сертификаттау схемасы негізінде өнімді сертификаттау схемасын бекіту;

3) сертификаттау жөніндегі жұмыстарды жүргізуге шарт жасасу;

4) сәйкестендіру, үлгілерді іріктеу және оларды сынау;

5) өндірістің жай-күйіне талдау жүргізу (егер бұл өнімді сертификаттау схемасында көзделсе);

6) алынған нәтижелерді талдау және сәйкестік сертификатын беру (беруден бас тарту) туралы шешім қабылдау;

ЗҚАИ-ның ескертпесі!

7) тармақша жаңа редакцияда көзделген - ҚР Сауда және интеграция министрінің м.а. 01.04.2026 № 155-НҚ (12.07.2026 бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

7) техникалық реттеудің ақпараттық жүйесі арқылы техникалық реттеу тізілімінде сәйкестік сертификатын тіркеу;

8) сәйкестік сертификатын қалыптастыру және беру;

9) сертификатталған өнімге кезеңдік бағалауды жүзеге асыру (егер бұл өнімді сертификаттау схемасында көзделсе);

10) сертификаттау нәтижелері туралы ақпарат беру.

ЗҚАИ-ның ескертпесі!

10-тармақ жаңа редакцияда көзделген - ҚР Сауда және интеграция министрінің м.а. 01.04.2026 № 155-НҚ (12.07.2026 бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

10. СРО, өтініш беруші, уәкілетті орган арасында жүргізілетін барлық іс-әрекеттер Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес ақпараттық қауіпсіздік жөніндегі талаптарға сәйкес келетін техникалық реттеудің ақпараттық жүйесінде жүзеге асырылады.

Техникалық реттеудің ақпараттық жүйесінің деректеріне қолжетімділік оны пайдаланушылар үшін уәкілетті органның веб-порталы арқылы жүзеге асырылады.

11. Өнімді сертификаттау ерікті немесе міндетті түрде жүргізіледі.

12. Өнімді сертификаттау кезінде:

1) өнімді сәйкестендіруді жүргізуге, оның ішінде сыныптау топтамасына тиесілігін, өнімге техникалық құжаттаманың (жобалау және (немесе) конструкторлық және (немесе) технологиялық және (немесе) пайдалану) сәйкестігін, шығу тегін, осы партияға тиесілігін, сондай-ақ жиынтығында өнімнің техникалық регламентке және стандарттау жөніндегі құжатқа, тауарға ілеспе құжаттамаға, жеткізуге арналған шартқа (келісімшартқа), ерекшелікке, заттаңбаға, затбелгіге және өнімді сипаттайтын басқа да құжатқа сәйкестігін растау үшін жеткілікті болатын белгілері, параметрлері, көрсеткіштері мен талаптары бойынша оның сәйкестігін тексеруге;

2) өнімнің адам өмірі, денсаулығы, қоршаған ортаны қорғау үшін қауіпсіздігін қамтамасыз етуге бағытталған, қағидаларда белгіленген талаптарға, сондай-ақ өнімді пайдалану, сақтау және тасымалдау шарттары сақталған жағдайда сәйкестікті міндетті растау кезінде Қазақстан Республикасы заңнамасының негізінде тексерілетін басқа да талаптарға сәйкестігін толық және анық растауға мүмкіндік беретін өнімнің сипаттамалары (көрсеткіштері) тексеріледі, сынақ әдістері пайдаланылады.

Басқа тексерілетін сипаттамалардың (көрсеткіштердің) құрамы нақты өнімді сертификаттау мақсаттарына сүйене отырып айқындалады.

Осы тармақтың 1) тармақшасында көрсетілген жағдайда сәйкестендіру кезінде импорттаушының өнімді таңбалаудағы қажетті ақпарат бөлігінде Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерінің талаптарын сақтауы ескеріледі.

Ескерту. 12-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Сауда және интеграция министрінің 15.09.2025 № 263-НҚ (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

2-параграф. Өтінімді беру және қарау

13. Өтінім беруші СРО-ға өтінім берген жағдайда құрамы мен мазмұны осы өнімге арналған техникалық регламенттерде және (немесе) стандарттау жөніндегі құжаттарда белгіленетін өнімге қажетті өнімге техникалық (жобалау және (немесе) конструкторлық және (немесе) технологиялық және (немесе) пайдалану) құжаттаманы ұсынады.

Ескерту. 13-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Сауда және интеграция министрінің 15.09.2025 № 263-НҚ (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

14. Өнімді сертификаттауды жүргізу үшін өтініш беруші СРО-ға өтініш берушінің қолымен және мөрімен (болған жағдайда) куәландырылған мынадай ақпарат пен құжаттарды және (немесе) олардың көшірмелерін қамтитын өтінімді (өнімді сертификаттау схемасына байланысты) жібереді:

1) сериялық өндіріс өнімдері үшін:

өнімге техникалық құжаттаманы (жобалау және (немесе) конструкторлық және (немесе) технологиялық және (немесе) пайдалану);

оған сәйкес өнім дайындалған стандарттау жөніндегі құжат (құжаттар) (оның ішінде техникалық шарттар) (бар болса);

сапа менеджменті жүйесінің сәйкестік сертификаты, егер оның күші өнімді дайындауға қатысты болса (бар болса немесе өнімді сертификаттау схемасымен талап етілсе);

сапа менеджменті жүйесінің аудиті туралы есеп және енгізілген сапа менеджменті жүйесінің сертификаттау кезінде расталатын талаптарға сәйкес келетін өнімнің

тұрақты шығарылуын қамтамасыз ету қабілетін растайтын ақпарат (егер өнімді сертификаттау схемасы талап етсе);

сыни элементтердің, материалдардың, жинақтаушы бұйымдардың немесе бұйымның құрамдас бөліктерінің сәйкестік сертификаты (болған жағдайда);

Қазақстан Республикасына жеткізілетін өнімнің техникалық регламенттердің немесе стандарттау жөніндегі құжаттардың талаптарына сәйкестігін қамтамасыз етуді және мұндай өнімнің көрсетілген талаптарға сәйкес келмегені үшін жауапкершілікті көздейтін дайындаушымен (оның ішінде шетелдік дайындаушымен) шарт (дайындаушы уәкілеттік берген тұлға үшін);

өнімнің сәйкестігін жанама растайтын өтініш берушінің таңдауы бойынша құжаттар;

Ұлттық тауарлар каталогында берілген тауардың сәйкестендіру коды;

2) өнімнің (жалғыз бұйымның) партиясы үшін:

өнімге техникалық құжаттаманы (жобалау және (немесе) конструкторлық және (немесе) технологиялық және (немесе) пайдалану);

оған сәйкес өнім дайындалған стандарттау жөніндегі құжат (құжаттар) (оның ішінде техникалық шарттар) (бар болса);

дара бұйымды немесе өнім партиясын, оның ішінде оның мөлшерін сәйкестендіретін келісімшарт (жеткізу шарты) және тауарға ілеспе құжаттар (бар болса);

дайындаушы жүргізген сынақ хаттамалары (бар болса);

шетелдік СРО берген сәйкестік сертификаттары (болған жағдайда);

Ұлттық тауарлар каталогында берілген тауардың сәйкестендіру коды.

Ескерту. 14-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Премьер-Министрі орынбасарының - Сауда және интеграция министрінің м.а. 30.03.2023 № 124-НҚ (алғашқы ресми жарияланған күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); өзгеріс енгізілді - ҚР Сауда және интеграция министрінің 15.09.2025 № 263-НҚ (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 01.04.2026 № 155-НҚ (алғашқы ресми жарияланған күннен кейін оның күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрықтарымен.

15. Өнімді сертификаттаудың іске асырылатын схемасына байланысты өтініш беруші СРО-ға өнімді әзірлеу және өндіріске қою кезінде бұрын жүргізілген сынақ хаттамаларын немесе аккредиттелген сынақ зертханалары (орталықтары) орындаған сынақтар туралы құжаттарды ұсынады.

16. Өтініш беруші СРО-ға өнімнің белгілі бір түрлері үшін Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген болса, өз құзыреті шегінде уәкілетті мемлекеттік органдар берген өнімнің белгіленген талаптарға сәйкестігі туралы құжаттарды ұсынады.

Өтінімге қоса беріледі:

1) өнімге немесе пайдаланылатын шикізатқа, материалдарға, жиынтықтаушы бұйымдарға, сапа менеджменті жүйесіне бұрын алынған қолданыстағы сәйкестік сертификаттары;

2) уәкілетті мемлекеттік органдар берген өнімдердің белгіленген талаптарға сәйкестігін тікелей немесе жанама растайтын қорытындылар, анықтамалар мен құжаттар (болған жағдайда) қоса беріледі.

17. СРО өтінімді қарайды және ұсынылған құжаттарға өтініш беруші туралы ақпараттың толықтығына және сертификаттау жүргізуге арналған өнімге талдау жүргізеді.

ЗҚАИ-ның ескертпесі!

18-тармақ жаңа редакцияда көзделген - ҚР Сауда және интеграция министрінің м.а. 01.04.2026 № 155-НҚ (12.07.2026 бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

18. СРО оны алғаннан кейін 3 (үш) жұмыс күнінен кешіктірмей өтініш берушіні өнімді сертификаттау схемасын, техникалық регламенттің және (немесе) стандарттау жөніндегі құжаттың атауын, аккредиттелген зертхананы және өндіріс жағдайына талдау жүргізу үшін сарапшы-аудиторларды, кезеңдік бағалау жүргізудің кезеңділігін көрсете отырып, техникалық реттеудің ақпараттық жүйесіндегі өтінім бойынша өзінің шешімі туралы хабардар етеді.

ЗҚАИ-ның ескертпесі!

19-тармақ жаңа редакцияда көзделген - ҚР Сауда және интеграция министрінің м.а. 01.04.2026 № 155-НҚ (12.07.2026 бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

19. Құжаттарды талдау нәтижелері оң болған жағдайда СРО өтінім берушіні өтінім бойынша қабылданған шешім туралы хабардар етеді және техникалық реттеудің ақпараттық жүйесіне шарт жобасын жібереді .

20. СРО, егер ол құзыретті болмаса немесе сертификаттау бойынша қажетті іс-әрекеттерді жүргізуге мүмкіндігі болмаса, сертификаттауды жүргізуден бас тартады.

21. Өтінім бойынша шешімде СРО өтініш берушіні сертификаттау жүргізілетін өнімді сертификаттау схемасы және осы объектіні сертификаттаудың белгіленген тәртібіне негізделген сертификаттаудың барлық негізгі шарттары, қажетті өнімге техникалық (жобалау және (немесе) конструкторлық және (немесе) технологиялық және (немесе) пайдалану) құжаттаманың тізбесі, тексерілетін көрсеткіштердің тізбесі, зертхананың атауы, сондай-ақ кезеңдік бағалау шарттары (егер өнімді сертификаттау схемасында көзделсе) туралы хабардар етеді.

Ескерту. 21-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Сауда және интеграция министрінің 15.09.2025 № 263-НҚ (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

ЗҚАИ-ның ескертпесі!

22-тармақ жаңа редакцияда көзделген - ҚР Сауда және интеграция министрінің м.а. 01.04.2026 № 155-НҚ (12.07.2026 бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

22. Егер өтініш беруші СРО ұсынған сәйкестікті растау рәсімдерінің талаптарымен келіскен жағдайда, электрондық цифрлық қолтаңбаны (бұдан әрі – ЭЦҚ) пайдалана отырып, техникалық реттеудің ақпараттық жүйесінде шарт жасалады.

23. Өтінімге осы Қағидалардың 14-тармағына сәйкес өтініш жасалған тілдегі құжаттар қоса беріледі.

Өтініш берушінің СРО -мен келісімі бойынша құжаттар мемлекеттік және орыс тілдеріндегі аудармасымен өзге тілде ұсынылады.

24. Өнімнің сәйкестігін растау үшін өтініш беруші ұсынған құжаттар толық болмаған жағдайда, СРО сәйкестікті тікелей немесе жанама растайтын келесі құжаттардың бірін (сынақ хаттамасы, дайындаушы зауыттың сапа паспорты, менеджмент жүйесіне сәйкестік сертификаты, мемлекеттік тіркеу туралы куәлік, ветеринариялық сертификат, фитосанитариялық сертификат, өрт қауіпсіздігі сертификаты) немесе оларға балама құжаттарды сұратады немесе өтініш берушіге осы өнімге сәйкес келетін өнімді сертификаттаудың басқа схемасы бойынша өнімді сертификаттауды ұсынады.

3-параграф. Өнімнің сәйкестігін растау схемасын таңдау

25. Өнімнің сәйкестігін растау схемасын өтініш беруші СРО-мен бірге анықтайды.

26. Қазақстан Республикасының техникалық регламенттерінің және (немесе) стандарттау жөніндегі құжаттардың талаптарына сәйкестігіне сертификаттау кезінде өнімнің техникалық регламенттерде және стандарттау жөніндегі құжаттарда белгіленген талаптарға сәйкестігінің қажетті дәлелдемесін қамтамасыз ететін осы Қағидаларға 2-қосымшаға сәйкес өнімді сертификаттау схемасы пайдаланылады.

Өнімді Еуразиялық экономикалық одақтың техникалық регламенттерінің талаптарына сәйкестігіне сертификаттау кезінде Еуразиялық экономикалық одақтың техникалық регламенттерінде және Еуразиялық экономикалық одақтың өзге де құқықтық актілерінде және (немесе) сәйкестігін растау жүзеге асырылатын құжаттарда белгіленген сертификаттау схемасы қолданылады.

Ескерту. 26-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Сауда және интеграция министрінің 15.09.2025 № 263-НҚ (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

27. Осы Қағидаларға 2-қосымшада көрсетілген 9 және 10 нөмірленген өнімді сертификаттау схемалары бойынша сертификаттау өнімнің техникалық регламенттердің және (немесе) стандарттау жөніндегі құжаттардың белгіленген талаптарына сәйкестігін тікелей немесе жанама растайтын өтінім мен құжаттар негізінде жүргізіледі.

27-1. Өнімнің Қазақстан Республикасының техникалық регламенттерінің талаптарына сәйкестігін декларациялау кезінде осы Қағидаларға 2-1-қосымшаға сәйкес өнімнің техникалық регламенттерде және стандарттау жөніндегі құжаттарда

белгіленген талаптарға сәйкестігінің қажетті дәлелдемесін қамтамасыз ететін декларациялау схемасы пайдаланылады.

Өнімнің Еуразиялық экономикалық одақтың техникалық регламенттерінің талаптарына сәйкестігін декларациялау кезінде Еуразиялық экономикалық одақтың техникалық регламенттерінде және Еуразиялық экономикалық одақтың өзге де құқықтық актілерінде белгіленген декларациялау схемасы қолданылады.

Ескерту. Қағидалар 27-1-тармақпен толықтырылды – ҚР Сауда және интеграция министрінің 15.09.2025 № 263-НҚ (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

4-параграф. Өнімді сәйкестендіру және сынау үшін үлгілерді іріктеу

28. Өнімді, процесті, қызметті сәйкестендіру – белгілі бір өнімді, процесті, қызметті айрықша белгілері бойынша біржақты тануды және (немесе) өнімді сәйкестікті міндетті растауға жататын объектілерге жатқызуды қамтамасыз ететін рәсім.

Сертификаттау кезінде өнімді сәйкестендіруді СРО ҚР СТ 1014 "Өнімді сәйкестендіру. Жалпы ережелер" стандарттау жөніндегі құжаттың талаптарына және осы Қағидаларға сәйкес жүзеге асырады.

Көзбен шолып қарау негізінде сәйкестендіру мүмкін болмайтын өнім үшін техникалық регламенттерде және стандарттау жөніндегі құжаттарда белгіленген сәйкестендіру көрсеткіштері бойынша өнімге сынақ жүргізіледі.

Ескерту. 28-тармаққа өзгеріс енгізілді – ҚР Сауда және интеграция министрінің 15.09.2025 № 263-НҚ (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

29. Сәйкестендіру кезінде мыналар тексеріледі:

мәлімделген өнімді техникалық регламенттердің, стандарттау жөніндегі құжаттардың талаптарына жатқызудың дұрыстығы;

өнімнің таңбалануының (жазуларының) техникалық регламенттердің, стандарттау жөніндегі құжаттардың талаптарына сәйкестігі;

өнімнің таңбалауда (жазуларда) және техникалық құжаттамада (жобалау және (немесе) конструкторлық, және (немесе) технологиялық және (немесе) пайдалану) және өнімнің сәйкестігін тікелей немесе жанама растайтын өзге де құжаттамада көрсетілген ақпаратқа сәйкестігі;

өнімнің мәлімделген партияға және дайындаушыға тиесілігі;

техникалық регламенттерде және стандарттау жөніндегі құжаттарда белгіленген сәйкестендіру көрсеткіштері бойынша (өнімге сынақ жүргізу қажет болған жағдайда) сынақтардың нәтижелері.

Ескерту. 29-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Сауда және интеграция министрінің 15.09.2025 № 263-НҚ (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

30. Өнім партиясын сәйкестендіру кезінде қосымша партияның мөлшері, артикулдар мен модельдер, қаптама түрі (бар болса) және ілеспе құжаттарда келтірілген өзге де ақпарат тексеріледі.

Сәйкестендіру нәтижелері ҚР СТ 1014 "Өнімді сәйкестендіру. Жалпы ережелер" стандарттау жөніндегі құжаттың талаптарына сәйкес ресімделеді.

31. Өнімді сәйкестікті міндетті түрде растауға жататын немесе жатпайтын объектілерге жатқызу мақсатында СРО өтініш берушінің өтініші бойынша СРО құрамында қызметін жүзеге асыратын сарапшы-аудитордың өз саласы шегінде мынадай жұмыстарға аттестаттау жүргізуін ұйымдастырады:

1) өтініш беруші ұсынатын техникалық құжаттаманы (жобалау және (немесе) конструкторлық және (немесе) технологиялық және (немесе) пайдалану) және өнімнің сәйкестігін тікелей немесе жанама растайтын өзге де құжаттаманы талдау негізінде, сондай-ақ өтініш беруші ұсынатын бірыңғай Еуразиялық экономикалық одақтың сыртқы экономикалық қызметінің бірыңғай тауар номенклатурасына (бұдан әрі – ЕАЭО СЭҚ ТН) сәйкес тауарларды сыныптау туралы кеден органдары беретін алдын ала шешім негізінде өнімді сәйкестендіру;

2) стандарттау жөніндегі құжатқа сәйкес өтініш беруші ұсынатын өнім үлгісін көзбен шолып тексеру;

3) техникалық регламенттерге, сондай-ақ Кеден одағы Комиссиясының 2011 жылғы 7 сәуірдегі № 620 шешімімен бекітілген Бірыңғай құжаттарды бере отырып, кеден одағы шеңберінде сәйкестікті міндетті бағалауға (растауға) жататын өнімнің бірыңғай тізбесіне сәйкес сәйкестікті міндетті растау объектілеріне жатқызу бойынша өнімді талдау.

ЗҚАИ-ның ескертпесі!

31-тармақтың екінші бөлігі жаңа редакцияда көзделген - ҚР Сауда және интеграция министрінің м.а. 01.04.2026 № 155-НҚ (12.07.2026 бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

Осы тармақтың 1), 2) және 3) тармақшаларында белгіленген жүргізілген жұмыстардың нәтижелері бойынша СРО техникалық реттеудің ақпараттық жүйесінде техникалық реттеу тізілімінде тіркеумен осы Қағидалардың 2-2-қосымшасына сәйкес нысан бойынша өнімді сәйкестендіру актісін ресімдейді.

Бұл ретте өнімді сәйкестендіру актісінде көрсетілген өнімнің ЕАЭО СЭҚ ТН коды СРО аккредиттеу саласына енгізілген өнімнің ЕАЭО СЭҚ ТН кодының кемінде төрт бірінші белгісіне сәйкес келуі тиіс.

Өтініш беруші "Әкімшілік құқық бұзушылық туралы" Қазақстан Республикасының кодексіне сәйкес Қазақстан Республикасының техникалық реттеу саласындағы заңнамасын бұзғаны үшін жауапты болады.

Ескерту. 31-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Сауда және интеграция министрінің 15.09.2025 № 263-НҚ (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

31-1. Осы Қағидаларға 2-2-қосымшаға сәйкес нысан бойынша өнімді сәйкестендіру актісін толтыру кезінде мынадай мәліметтер көрсетіледі:

1-жол – аккредиттеу субъектісі қызметінің бағытын көрсете отырып, СРО тіркеу нөмірлері (кодтық деректемелері) (ҚР СТ 7.17 ұлттық стандартына сәйкес беріледі);

2-жол – техникалық реттеу тізіліміндегі өнімді сәйкестендіру актісі туралы электрондық жазбаға жылдам өтуге арналған оптикалық оқылатын матрицалық код (QR-код);

3-жол – өнімді сәйкестендіру актілерінің тізіліміне мәліметтер енгізілген күн (саны – екі араб цифрымен, айы – екі араб цифрымен, жылы – төрт араб цифрымен);

4-жол – сәйкестендіру нәтижелері туралы актінің тіркеу нөмірі;

5-жол – өнімді сәйкестендіру актісін берген сәйкестікті растау жөніндегі органның толық атауы, оның заңды мекенжайы, сондай-ақ қызметті жүзеге асыру орнының нақты мекенжайы (мекенжайлары әртүрлі болған жағдайда), сәйкестікті растау жөніндегі органның аккредиттеу аттестатының тіркеу нөмірі мен тіркелген күні, сондай-ақ телефон нөмірі мен электрондық пошта мекенжайы;

6-жол – өнімнің атауы және белгіленуі және (немесе) өнімді дайындаушы берген өнімнің атауы (бар болса), өнімнің мақсаты, өнімді қолдану жөніндегі ұсынымдар, сәйкестікті міндетті растау объектісі болып табылатын өнімге бір мәнді жатқызу мүмкіндігін қамтамасыз ететін өнімнің басқа да негізгі тән қасиеттері мен сипаттамалары;

өнім туралы оның сәйкестендірілуін қамтамасыз ететін өзге де мәліметтер (бар болса);

өнім дайындалған құжаттың (құжаттардың) белгісі және атауы (стандарт, ұйым стандарты, техникалық шарттар немесе өзге де құжат) (бар болса);

7-жол – Еуразиялық экономикалық одақтың сыртқы экономикалық қызметінің бірыңғай тауар номенклатурасына сәйкес өнімнің коды (кодтары);

8-жол – дайындаушының толық атауы, оның орналасқан жері (заңды мекенжайы) және өнімді дайындау жөніндегі қызметті жүзеге асыру орнының мекенжайы (мекенжайлары әртүрлі болған жағдайда) – өнімді дайындайтын заңды тұлға мен оның филиалдары үшін немесе тегі, аты және әкесінің аты (бар болса), тұрғылықты жері және өнімді дайындау жөніндегі қызметті жүзеге асыру орнының мекенжайы (мекенжайлары) (егер мекенжайлары әртүрлі болған жағдайда) – дара кәсіпкер ретінде тіркелген жеке тұлға үшін;

9-жол – өнімді сәйкестікті міндетті растау объектілеріне жатқызған жағдайда, осы өнімге қолданылатын техникалық регламенттердің атауы және сәйкестікті бағалау нысаны көрсетіледі;

өнімді міндетті сәйкестікті растауға жатпайтын объектілерге жатқызған жағдайда: " техникалық регламенттердің талаптарына сәйкестігін міндетті түрде растауға жатпайды" деп көрсетіледі;

10-жол – өтініш берушінің толық атауы, оның заңды мекенжайы және қызметті жүзеге асыру орнының мекенжайы (мекенжайлары әртүрлі болған жағдайда) – заңды тұлға үшін немесе қызметті жүзеге асыру орнының тегі, аты және әкесінің аты (бар болса), тұрғылықты жері және мекенжайы (мекенжайлары) (мекенжайлары әртүрлі болған жағдайда) – жеке кәсіпкер ретінде тіркелген жеке тұлға үшін, сондай-ақ тіркеу бизнесі үшін өтініш берушінің сәйкестендіру нөмірі немесе жеке сәйкестендіру нөмірі, телефон нөмірі және электрондық пошта мекенжайы;

11-жол – сәйкестікті міндетті растау объектілерін және нақты өнімге қойылатын талаптарды белгілейтін құқықтық актілер және (немесе) стандарттау жөніндегі құжаттар, техникалық құжаттама (жобалау, және (немесе) конструкторлық, және (немесе) технологиялық және (немесе) пайдалану);

12-жол – сәйкестікті растау жөніндегі орган басшысының немесе ол уәкілеттік берген тұлғаның тегі, аты және әкесінің аты (бар болса);

13-жол – сарапшы -аудитордың тегі, аты және әкесінің аты (бар болса).

Ескерту. Қағидалар 31-1-тармақпен толықтырылды – ҚР Сауда және интеграция министрінің 15.09.2025 № 263-НҚ (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

31-2. Берілген өнімді сәйкестендіру актісінің күшін:

1) СРО – олардың негізінде өнімді сәйкестендіру актісі ресімделген құқықтық актілерге және (немесе) стандарттау жөніндегі құжаттарға өзгерістер енгізілген жағдайда;

2) уәкілетті орган ведомствосының аумақтық бөлімшесінің лауазымды тұлғасы – сәйкестендірудің дәйексіз нәтижелері анықталған жағдайда жояды.

ЗҚАИ-ның ескертпесі!

31-2-тармақтың екінші бөлігі жаңа редакцияда көзделген - ҚР Сауда және интеграция министрінің м.а. 01.04.2026 № 155-НҚ (12.07.2026 бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

Өнімді сәйкестендіру актісінің қолданылуын тоқтату туралы шешім техникалық реттеу тізіліміне тиісті жазба енгізіле отырып және өтініш берушіні хабардар ете отырып, техникалық реттеудің ақпараттық жүйесінде ресімделеді.

ЗҚАИ-ның ескертпесі!

31-2-тармақтың үшінші бөлігі жаңа редакцияда көзделген - ҚР Сауда және интеграция министрінің м.а. 01.04.2026 № 155-НҚ (12.07.2026 бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

Өнімді сәйкестендіру актісінің қолданылуы техникалық реттеудің ақпараттық жүйесіне тиісті мәліметтер енгізілген күннен бастап тоқтатылды деп есептеледі.

Ескерту. Қағидалар 31-2-тармақпен толықтырылды – ҚР Сауда және интеграция министрінің 15.09.2025 № 263-НҚ (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

32. Үлгілердің саны, оларды іріктеу тәртібі, сәйкестендіру және сақтау қағидалары осы Қағидаларға, техникалық регламенттерге, стандарттау жөніндегі құжаттарға және осы өнімді сынау әдістемесіне сәйкес белгіленеді.

33. Сынақтар үшін үлгілерді іріктеуді СРО немесе оның тапсырмасы бойынша аккредиттелген зертхана немесе тиісті аттестаттау жолдамасы бар сарапшы-аудиторды қамтитын СРО-мен келісім бойынша өтініш беруші тағайындаған комиссия жүзеге асырады.

34. Үлгілерді іріктеу осы Қағидаларға 3-қосымшаға сәйкес нысан бойынша үлгілерді іріктеу актісімен ресімделеді.

35. Іріктелген үлгілер өтініш берушінің қатысуымен буып-түйіледі, пломбланады (мүмкіндігіне қарай) және өнім үлгілерін іріктеу актісі мен өтінім бойынша шешімді қоса бере отырып, зертханаға жіберіледі.

36. Техникалық регламенттерде, стандарттау жөніндегі құжаттарда көзделген жағдайларда өнімнің бақылау үлгілерін өнімнің жарамдылық мерзімі немесе сәйкестік сертификатының қолданылу мерзімі ішінде сақтау жүзеге асырылады.

Өнім үлгілерін сақтаудың нақты мерзімдері осы өнімге арналған стандарттау жөніндегі құжаттарда белгіленеді.

5-параграф. Өндіріс жағдайын талдау

37. Өнімді сертификаттау схемасына байланысты өнім өндірісінің жай-күйіне талдау жүргізіледі.

38. Өндірістің жай-күйін талдау шығарылатын өнімнің техникалық регламенттердің және стандарттау жөніндегі құжаттардың белгіленген талаптарына тұрақты сәйкестігін қамтамасыз ету үшін дайындаушыда қажетті жағдайлардың болуын анықтау мақсатында жүргізіледі.

39. Өндіріс жағдайын талдау жұмыстары мыналарды қамтиды:

- 1) өтініш берушіден бастапқы құжаттарды сұрату және алу;
- 2) өндірісті тексеру бағдарламасын жасау және бекіту;
- 3) өтініш берушімен тексеру мерзімдері мен шарттарын келісу;
- 4) өндіріс орнында тексеруді жүзеге асыру;
- 5) тексеру нәтижелерін ресімдеу;
- 6) тексеру бойынша шешім қабылдау.

40. Тексеру бағдарламасы техникалық регламенттерде, стандарттау жөніндегі құжаттарда белгіленген талаптар шегінде өнімнің қауіпсіздігіне әсер ететін өндірістің әртүрлі аспектілері бойынша тапсырмаларды қамтиды.

41. Өндіріс жағдайын талдау кезінде мыналар тексеріледі:

1) өнімге техникалық регламенттердің, стандарттау жөніндегі құжаттардың және техникалық (жобалық және (немесе) конструкторлық және (немесе) технологиялық және (немесе) пайдалану) құжаттардың болуы, оларды өзектілендіру;

2) білікті персоналдың болуы;

3) технологиялық процесті сақтау және оны метрологиялық қамтамасыз етудің жай-күйі болып табылады;

4) кіру, қабылдау бақылау және кезеңдік сынақтар жүйесінің болуы;

5) жабдықтар мен сынау құралдарына техникалық қызмет көрсету және жөндеу жүйесінің болуы;

6) шикізатпен және материалдармен қамтамасыз етілуі;

7) сертификатталатын өнім қауіпсіздігінің тұрақтылығы;

8) сақтау шарттарының болуы;

9) шағымдарды есепке алу мен талдаудың болуы.

Ескерту. 41-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Сауда және интеграция министрінің 15.09.2025 № 263-НҚ (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

42. Өндірістің жай-күйін талдау нәтижелері еркін нысандағы актімен ресімделеді, онда жүргізілген талдау нәтижелері келтіріледі, анықталған сәйкессіздіктер белгіленеді және өтініш берушінің (дайындаушының) техникалық регламенттердің, стандарттау жөніндегі құжаттардың талаптарына сәйкес келетін өнім шығарудың тұрақтылығын қамтамасыз ету қабілеті туралы тұжырымдары тұжырымдалады және өтініш берушіге жіберіледі. Актіде сертификатталған өнімді бақылау кезіндегі жұмыстардың мазмұны және айналысқа шығарылатын өнімнің қауіпсіздігіне әсер ететін мәселелер бойынша ұсынымдар келтіруге жол беріледі.

ЗҚАИ-ның ескертпесі!

43-тармақ жаңа редакцияда көзделген - ҚР Сауда және интеграция министрінің м.а. 01.04.2026 № 155-НҚ (12.07.2026 бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

43. Тексеру нәтижелері теріс болған жағдайда өнімді сертификаттаудың таңдалған схемасы бойынша мәлімделген өнімді сертификаттау жөніндегі жұмыс тоқтатылады, бұл туралы СРО өтініш берушіні және уәкілетті органды техникалық реттеудің ақпараттық жүйесіндегі күнтізбелік 3 (үш) күн ішінде өндірістің жай-күйін талдау нәтижелерін жібереді.

Анықталған кемшіліктерді жойғаннан немесе өнімді сертификаттаудың өзге схемасын таңдағаннан кейін өтініш беруші жаңа өтінім ұсынады.

44. Өтініш берушіде техникалық реттеудің мемлекеттік жүйесі шеңберінде берілген немесе танылатын сертификатталатын өнімді өндіруге сапа менеджменті жүйесіне сәйкестік сертификаты болған жағдайда өндірістің жай-күйіне талдау жүргізілмейді.

45. Өндірістің жай-күйіне жүргізілген талдау немесе менеджмент жүйесін сертификаттау туралы мәліметтер (құжаттар) өнімді сертификаттау схемасына байланысты өнімге арналған сәйкестік сертификатында көрсетіледі.

6-параграф. Сәйкестік сертификатын беру, беруден бас тарту

46. Бір және (немесе) бірнеше көрсеткіштер (сипаттамалар) бойынша сынақтардың теріс нәтижелері кезінде объектіні сертификаттау мақсатында сынақтар тоқтатылады, СРО сынақтарын жалғастыру өтініш берушінің келісімі бойынша жүргізіледі.

ЗҚАИ-ның ескертпесі!

47-тармақ жаңа редакцияда көзделген - ҚР Сауда және интеграция министрінің м.а. 01.04.2026 № 155-НҚ (12.07.2026 бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

47. Сынақтардың теріс нәтижелері кезінде СРО бас тарту себептерін көрсете отырып, сәйкестік сертификатын беруден бас тарту туралы шешімді өтініш берушіге және техникалық реттеудің ақпараттық жүйесіндегі уәкілетті органға жібереді.

48. Өтініш беруші СРО-ға өнімді әзірлеу және өндіріске қою кезінде жүргізілген олардың қолданылу мерзімдерін ескере отырып, сынақ хаттамаларын немесе техникалық реттеу жүйесінде аккредиттелген зертханалар орындаған сынақтар туралы құжаттарды ұсынады.

Ұсынылған құжаттарды, олардағы нәтижелердің Қазақстан Республикасының заңнамасына және нормативтік құжаттарға сәйкестігін, оларды беру мерзімдерін, конструкцияға (құрамға), материалдарға, технологияға енгізілген өзгерістерді тексергеннен кейін СРО сәйкестік сертификатын беру немесе сынақтардың көлемін қысқарту немесе жетіспейтін сынақтарды жүргізу туралы шешім қабылдайды, бұл тиісті құжаттарда көрсетіледі.

Ұсынылған құжаттарда бұзушылықтар анықталған жағдайда өтініш беруші осы бұзушылықтарды жойғаннан кейін анықталған бұзушылықтар бөлігінде ғана СРО-ның қайта қарауына ұсынады.

49. СРО сынау хаттамаларын, өндірісті бағалауды және өнімнің сәйкестігі туралы басқа да құжаттарды талдау кезінде өнімнің техникалық регламенттердің және стандарттау жөніндегі құжаттардың белгіленген талаптарына сәйкестігін бағалауды жүзеге асырады. Бұл бағалаудың нәтижелері сарапшы-аудитордың қорытындысында көрсетіледі. Осы қорытынды негізінде СРО сәйкестік сертификатын беру немесе беруден бас тарту туралы шешім қабылдайды.

ЗҚАИ-ның ескертпесі!

50-тармақ жаңа редакцияда көзделген - ҚР Сауда және интеграция министрінің м.а. 01.04.2026 № 155-НҚ (12.07.2026 бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

50. Сәйкестік сертификатын беру туралы шешім қабылданған жағдайда СРО техникалық реттеудің ақпараттық жүйесінде осы Қағидаларға 4-қосымшаға сәйкес

нысан бойынша сәйкестік сертификатын қалыптастырады, ол бірегей сәйкестендіру нөмірін бере отырып, техникалық реттеу тізілімінде тіркеледі.

Сәйкестік сертификаты ол тіркелген күннен бастап және тіркеу нөмірі болған жағдайда жарамды.

51. Сәйкестік сертификаты және оған қосымша осы Қағидаларға 4-қосымшада көрсетілген мәліметтерді қамтиды.

52. Сәйкестік сертификатының қолданылу мерзімін өнімді сертификаттаудың тандалған схемасын, өнімнің ерекшелігін, оны өндіруді, стандарттау жөніндегі құжаттардың қолданылу мерзімін және техникалық регламенттердің талаптарын, сондай-ақ менеджмент жүйесі сертификатталған мерзімді (егер бұл өнімді сертификаттау схемасында көзделген болса) немесе өнімнің жарамдылық мерзімін ескере отырып.

Ескерту. 52-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Премьер-Министрі орынбасарының - Сауда және интеграция министрінің м.а. 30.03.2023 № 124-НҚ (алғашқы ресми жарияланған күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

53. Сериялық шығарылатын өнімге (сериялық шығарылымға) сәйкестік сертификатының қолданылу мерзімі ішінде дайындаушы өткізетін өнім үшін сәйкестік сертификаты стандарттау жөніндегі құжатта белгіленген өнімнің жарамдылық (қызмет ету) мерзімі ішінде өнімді жеткізу, сату кезінде жарамды болады.

54. Өнімнің жарамдылық мерзімі шегінде сәйкестік сертификатының қолданылу мерзімін сәйкестік сертификатын берген СРО ұзартады. СРО өнімді сәйкестендіру актісін жасайды, ол үшін сәйкестік сертификаты ұзартылады және өнімнің номенклатурасы мен санын (қалдығын) міндетті түрде көрсете отырып, оның бұрын сертификатталған өнімге тиесілігін белгілейді.

Ескерту. 54-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Премьер-Министрі орынбасарының - Сауда және интеграция министрінің м.а. 30.03.2023 № 124-НҚ (алғашқы ресми жарияланған күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

55. Сәйкестік сертификатының қолданылу мерзімін ұзарту мынадай тәсілдердің бірімен орындалады:

1) сәйкестік сертификаты сол жағындағы "20__ жылғы " __ " _____ " дейін жарамды " бағанының сарапшы-аудитордың және СРО-ның бірінші басшысының немесе ол уәкілеттік берген тұлғаның ЭЦҚ-мен куәландырылатын "20__ жылғы " __ " _____ дейін жарамдылық мерзімі ұзартылды" жазба енгізіледі;

2) ұзартылатын сәйкестік сертификатының тіркеу нөмірі сақтала отырып және өнімнің номенклатурасы мен сәйкестік сертификаты ұзартылатын саны көрсетіле отырып, жаңа сәйкестік сертификаты ресімделеді.

56. Егер сериялық өндіріс өніміне берілген сәйкестік сертификатының қолданылу мерзімі аяқталса, ал оның қолданылу кезеңінде шығарылған өнім өткізу сатысында

болса, онда сәйкестік сертификатының қолданылуы өнімді сақтау шарттары сақталған жағдайда оның барлық жарамдылық немесе сақтау мерзіміне.

Ескерту. 56-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Премьер-Министрі орынбасарының - Сауда және интеграция министрінің м.а. 30.03.2023 № 124-НҚ (алғашқы ресми жарияланған күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

57. Өнімнің конструкциясына (құрамына) немесе оны өндіру технологиясына сертификаттау кезінде куәландырылатын көрсеткіштерге әсер ететін өзгерістер енгізілген жағдайда сәйкестік сертификатының иесі бұл туралы сәйкестік сертификатын берген СРО-ға дереу хабарлайды. СРО алынған ақпаратты талдайды және өзгерістердің өнімнің сәйкестігіне әсер ету дәрежесін анықтайды.

58. СРО талдау нәтижелері бойынша өзгерістердің өнімнің сәйкестігіне әсер ету дәрежесіне байланысты не сәйкестік сертификатының қолданылуын тоқтата тұру және кезектен тыс кезеңдік бағалау жүргізу туралы, не егер Енгізілген өзгерістер өнімнің сәйкестігіне әсер етпесе, сәйкестік сертификатының қолданылуын жалғастыру туралы шешім қабылдайды.

59. Егер осы техникалық регламенттерге және (немесе) стандарттау жөніндегі құжаттарға сәйкестігін растаудан өткен өнімге арналған техникалық регламенттерде және (немесе) стандарттау жөніндегі құжаттарда белгіленген талаптар неғұрлым қатаң болып өзгертілсе немесе өнімге арналған техникалық регламенттерде және (немесе) стандарттау жөніндегі құжаттарда өнімге арналған қосымша талаптар қосылса, оларға сәйкестік сынақтар жүргізілгеннен кейін ғана тексеріледі, сәйкестік сертификатының қолданылуы көрсетілген талаптарға өтпелі кезең өткен соң тоқтатылады.

60. Сертификатталған өнімге қоса берілетін ілеспе техникалық (жобалық және (немесе) конструкторлық және (немесе) технологиялық және (немесе) пайдалану), пайдалану құжаттамасында (техникалық паспорт, пайдалану жөніндегі нұсқаулық, өнімнің сәйкестігін тікелей немесе жанама растайтын құжаттар), сондай-ақ тауарға ілеспе құжаттамада сәйкестік сертификатының нөмірі мен оның қолданылу мерзімі көрсетіле отырып, жүргізілген сертификаттау туралы ақпаратты көрсетуге жол беріледі

Ескерту. 60-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Сауда және интеграция министрінің 15.09.2025 № 263-НҚ (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

61. Сәйкестік сертификаты электрондық түрде қалыптастырылады және сарапшы-аудитордың және СРО басшысының немесе ол уәкілеттік берген тұлғаның ЭЦҚ-мен куәландырылады.

ЗҚАИ-ның ескертпесі!

62-тармақ жаңа редакцияда көзделген - ҚР Сауда және интеграция министрінің м.а. 01.04.2026 № 155-НҚ (12.07.2026 бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

62. Сертификаттау жөніндегі материалдар және берілген сәйкестік сертификаттарының саны туралы ақпарат оның негізінде берілген құжаттармен бірге техникалық реттеудің ақпараттық жүйесінде тұрақты негізде сақталады. СРО өтініш берушіні, тұтынушыларды, уәкілетті органды және басқа да мүдделі тұлғаларды сәйкестік сертификатының қолданылуын тоқтата тұру немесе тоқтату туралы хабардар етеді.

63. Егер сәйкессіздіктер СРО белгілеген мерзімде жойылған жағдайда сәйкестік сертификатының қолданысы қайта басталады.

7-параграф. Өнімді сәйкестік белгісімен таңбалау

64. Сәйкестік сертификатын алған дайындаушы, импорттаушы, дайындаушы уәкілеттік берген тұлға, сатушы сәйкестік белгісін олар үшін белгіленген ұлттық стандарттарда ыңғайлы кез келген тәсілдермен қолдануға құқылы.

65. Өнімді сәйкестік белгісімен таңбалауды Қазақстан Республикасының техникалық реттеу саласындағы заңнамасында белгіленген тәртіппен техникалық реттеу тізілімінде тіркелген сәйкестік сертификаты негізінде дайындаушы, импорттаушы, дайындаушы уәкілеттік берген тұлға, сатушы жүзеге асырады.

66. Сәйкестік белгісінің бейнесі, оған қойылатын техникалық талаптар және таңбалау тәртібі ұлттық стандарттарда айқындалады.

3-тарау. Өнімнің сәйкестігін декларациялау

1-параграф. Жалпы ережелер

67. Сәйкестік туралы декларация, егер бұл техникалық регламенттерде көзделген жағдайда, сәйкестігі міндетті расталуға жататын өнімге қатысты ресімделеді.

Сәйкестік туралы декларация және сәйкестік туралы декларацияға қосымша осы Қағидалардың 6-тарауында және 5-қосымшасында көрсетілген мәліметтерді қамтиды.

68. Сәйкестік туралы декларацияны қабылдайтын тұлғалар дайындаушы, импорттаушы, дайындаушы уәкілеттік берген тұлға, сатушы болып табылады.

Декларация сәйкестігі расталуға жататын бірыңғай талаптар белгіленген нақты өнімге немесе біртекті өнім тобына қатысты қабылданады.

69. Сәйкестікті декларациялау:

- 1) өзінің дәлелдемелері негізінде сәйкестік туралы декларацияны қабылдаумен;
- 2) сапа менеджменті жүйелерінің СРО және (немесе) аккредиттелген зертхананың және (немесе) СРО-ның қатысуымен алынған дәлелдемелердің негізінде сәйкестік туралы декларацияны қабылдау арқылы жүзеге асырылады.

Сәйкестікті растау үшін дәлелдемелер ретінде пайдалануға жол берілетін құжаттар тізбесі тиісті техникалық регламентпен айқындалады.

70. Дәлелдемелер ретінде техникалық құжаттама (жобалау және (немесе) конструкторлық және (немесе) технологиялық және (немесе) пайдалану) және өнімнің сәйкестігін тікелей немесе жанама растайтын өзге де құжаттама, өз зерттеулерінің (сынақтарының) және өлшемдерінің нәтижелері және (немесе) өнімнің техникалық регламенттерде белгіленген талаптарға сәйкестігін растау үшін негіз болған басқа да құжаттар пайдаланылады.

Сәйкестікті декларациялау кезінде өзінің дәлелдемелері мен СРО қатысуымен алынған дәлелдемелердің негізінде өтініш беруші өз таңдауы бойынша өз дәлелдемелеріне қосымша зертханада жүргізілген зерттеулер (сынақтар) мен өлшемдердің хаттамаларын пайдалануға, сапа менеджменті жүйесінің сәйкестік сертификатын ұсынуға құқылы.

Сапа менеджменті жүйесінің сәйкестік сертификатын, егер мұндай өнім үшін техникалық регламенттерде сәйкестікті растаудың өзге нысаны көзделген жағдайды қоспағанда, сәйкестік туралы декларацияны қабылдау кезінде дәлелдемелер құрамында пайдалануға жол беріледі.

Ескерту. 70-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Сауда және интеграция министрінің 15.09.2025 № 263-НҚ (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

2-параграф. Өтінімді беру және қарау

71. Сәйкестік туралы декларацияны тіркеу үшін өтініш беруші СРО-ға ұсынады:

ЗҚАИ-ның ескертпесі!

1) тармақшаның бірінші абзацы жаңа редакцияда көзделген - ҚР Сауда және интеграция министрінің м.а. 01.04.2026 № 155-НҚ (12.07.2026 бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

1) мынадай мәліметтерді қамтитын техникалық реттеудің ақпараттық жүйесінде сәйкестік туралы декларацияны тіркеу туралы өтінім:

заңды тұлға үшін – өтініш берушінің толық атауы, оның орналасқан жері (заңды тұлғаның мекенжайы) және қызметті жүзеге асыру орнының мекенжайы (мекенжайлары әртүрлі болған жағдайда), дара кәсіпкер ретінде тіркелген жеке тұлға үшін – қызметті жүзеге асыру орнының мекенжайы (мекенжайлары әртүрлі болған жағдайда), сондай-ақ өтініш берушінің бизнес-сәйкестендіру нөмірі (бұдан әрі – БСН) немесе жеке сәйкестендіру нөмірі (бұдан әрі – ЖСН), телефон нөмірі және электрондық пошта мекенжайы;

өнімді дайындаушының толық атауы, оның орналасқан жері (заңды тұлғаның мекенжайы) және өнімді дайындау жөніндегі қызметті жүзеге асыру орнының мекенжайы (мекенжайлары әртүрлі болған жағдайда) – өнімді дайындайтын заңды тұлға және оның филиалдары үшін немесе өнімді дайындау жөніндегі қызметті жүзеге асыру орнының тегі, аты және әкесінің аты (ол болған кезде), мекенжайы (

мекенжайлары әртүрлі болған жағдайда) – дара кәсіпкер ретінде тіркелген жеке тұлға үшін;

өнімнің атауы мен белгісі және (немесе) өнімді дайындаушы берген өзге де шартты белгі (ол болған кезде);

өнімнің атауы (ол болған кезде);

өнімді сәйкестендіруді қамтамасыз ететін өнім туралы мәліметтер (олар болған кезде);

өнім (техникалық регламент және (немесе) стандарттау жөніндегі құжат) соған сәйкес дайындалған құжаттың (құжаттардың) белгіленуі және атауы);

ЕАЭО СЭҚ ТН сәйкес өнім коды (кодтары) және Ұлттық тауарлар каталогында берілген тауардың сәйкестендіру коды;

декларациялау объектісінің атауы (сериялық шығарылым, партия немесе бір бұйым). Сериялық шығарылым өнімдері үшін "сериялық шығарылым" жазбасы жазылады. Өнім партиясы үшін партияның мөлшері мен шығару кезеңі, бір бұйым үшін – бұйымның зауыттық нөмірі және шығарылған күні көрсетіледі. Өнім партиясы және бір бұйым үшін өнім партиясын (оның ішінде оның мөлшерін) немесе бір бұйымды сәйкестендіретін тауарға ілеспе құжаттаманың деректемелері көрсетіледі;

талаптарына өнім сәйкес келетін техникалық регламенттің, стандарттау жөніндегі құжаттың атауы;

2) осы Қағидалардың 70-тармағында санамаланған дәлелдемелік материалдар;

3) өнім өндірудің тұрақтылығын растайтын құжаттар;

4) дайындаушы кәсіпорынның (орындаушының) сынақ зертханаларының техникалық құзыреттілігін растайтын құжаттар (аккредиттеу аттестаттары немесе оларға балама өзге де құжаттар мен мәліметтер) немесе аккредиттелген зертханалармен өнімді дайындаудың технологиялық процесінде және техникалық регламенттерде, осы өнімге арналған стандарттау жөніндегі құжаттарда көзделген сынақтарды жүргізуге арналған шарт.

Ескерту. 71-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Сауда және интеграция министрінің м.а. 09.10.2024 № 350-НҚ (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); ҚР Сауда және интеграция министрінің м.а. 01.04.2026 № 155-НҚ (алғашқы ресми жарияланған күннен кейін оның күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрықтарымен.

72. СРО өтініш беруші ұсынған сәйкестік туралы декларацияны тіркеу туралы өтінімді және мәліметтерді қарастырады:

1) осы Қағидаларда белгіленген сәйкестік туралы декларацияны ресімдеуге қойылатын талаптарды сақтау;

2) осы Қағидалардың 70 және 71-тармақтарында көзделген құжаттар мен мәліметтерді ұсынудың толықтығы;

3) осы өнімнің сәйкестігін растау үшін көзделген техникалық регламенттердің, стандарттау жөніндегі құжаттардың толық және дұрыс көрсетілуі.

3-параграф. Сәйкестік туралы декларацияны тіркеу

ЗҚАИ-ның ескертпесі!

73-тармақ жаңа редакцияда көзделген - ҚР Сауда және интеграция министрінің м.а. 01.04.2026 № 155-НҚ (12.07.2026 бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

73. Осы Қағидалардың 71-тармағына сәйкес өтініш беруші ұсынған құжаттар мен мәліметтерді қарау нәтижелері бойынша СРО техникалық реттеудің ақпараттық жүйесі арқылы техникалық реттеу тізілімінде сәйкестік туралы декларацияны тіркеуді жүзеге асырады не сәйкестік туралы декларацияны алған күннен бастап 5 (бес) жұмыс күнінен аспайтын мерзімде оны тіркеуден бас тарту туралы (бас тарту себептерін көрсете отырып) өтініш берушіні хабардар етеді.

Сәйкестік туралы декларация не сәйкестік туралы декларацияны тіркеуден бас тарту туралы хабарлама техникалық реттеудің ақпараттық жүйесі арқылы өтініш берушіге жіберіледі.

74. Сәйкестік туралы декларацияны тіркеуден бас тарту үшін негіздер:

1) осы Қағидалардың 71-тармағында көзделген құжаттар мен мәліметтерді толық көлемде ұсынбау;

2) декларацияны қабылдаған өтініш берушінің заң талаптарына сәйкес келмеуі негіз болып табылады.

75. Сәйкестік туралы декларация өнімді дайындаушы (орындаушы) кәсіпорын белгілеген мерзімге, осы өнімді шығарудың жоспарланған мерзімін негізге ала отырып.

Ескерту. 75-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Премьер-Министрі орынбасарының - Сауда және интеграция министрінің м.а. 30.03.2023 № 124-НҚ (алғашқы ресми жарияланған күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

76. Сәйкестік туралы декларация электрондық түрде ресімделеді және ЭЦҚ-мен қол қойылады.

ЗҚАИ-ның ескертпесі!

77-тармақ жаңа редакцияда көзделген - ҚР Сауда және интеграция министрінің м.а. 01.04.2026 № 155-НҚ (12.07.2026 бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

77. Оның қолданылу мерзімі аяқталған күннен бастап 3 (үш) жыл ішінде сәйкестік туралы декларация және сәйкестікті растау үшін дәлелдемелер ретінде пайдаланылатын материалдар техникалық реттеудің ақпараттық жүйесінде тұрақты негізде сақталады.

78. Техникалық реттеу тізіліміне БСН, сәйкестік туралы декларацияны қабылдаған өтініш берушінің атауы мен мекенжайы, сәйкестік туралы декларацияның тіркеу нөмірі және сәйкестігі расталған өнім түрі және сәйкестік туралы декларацияның қолданылу мерзімі енгізіледі.

79. Сәйкестік туралы декларация техникалық реттеу тізілімінде тіркелуге жатады.

80. Декларацияға қосымша оның күші қолданылатын өнімнің тізбесін қамтиды.

81. Декларацияда көрсетілген техникалық регламенттердің және стандарттау жөніндегі құжаттардың талаптары өзгерген, сондай-ақ ұйымдық-құқықтық мәртебесі немесе меншік нысаны, мекенжайы, байланыс деректері өзгерген жағдайда өтініш беруші осы Қағидаларға сәйкес сәйкестік туралы жаңа декларацияны ресімдейді.

4-тарау. Өнімді сынау

82. Зертхана СРО-мен немесе басқа өтініш берушілермен шарт талаптарында:

- 1) өзінің аккредиттеу саласы шегінде сәйкестікті міндетті немесе ерікті растау мақсаттары үшін объектілерге сынақтар жүргізеді;
- 2) сынақтар нәтижелерінің дұрыстығын қамтамасыз етеді;
- 3) жұмыс нәтижелерін ресімдейді және береді;
- 4) егер техникалық регламентте көзделген болса, сынауларды, зерттеулер (сынақтар) нәтижелерін және өнімді өлшеулерді фото және (немесе) бейнетіркеуді жүргізеді;
- 5) зерттелген (сыналған) өнімнің бақылау үлгілерін сақтайды, егер Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерінде және (немесе) нормативтік техникалық құжаттарда көзделсе.

Ескерту. 82-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Сауда және интеграция министрінің 21.06.2024 № 263-НҚ (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

83. Сынақтар конструкциясы, құрамы және дайындау технологиясы тұтынушыға (тапсырыс берушіге) жеткізілетін өнімдердегідей үлгілерде жүргізіледі.

84. Сертификаттауға арналған сынақтар осы өнімді сертификаттау кезінде пайдаланылатын техникалық регламенттерде және (немесе) стандарттау жөніндегі құжаттарда көзделген әдістер бойынша жүргізіледі.

85. Сынақтар осы объектіні сынау әдістеріне техникалық регламенттерде және (немесе) стандарттау жөніндегі құжаттарда көзделген және СРО-мен келісілген мерзімдерде жүргізіледі.

Егер сынақтар мерзімдері техникалық регламенттерде және (немесе) стандарттау жөніндегі құжаттарда көзделмесе, онда күнтізбелік 30 (отыз) күннен асуға жол берілмейді.

Жеке-дара көлік құралдарының сәйкестігін бағалау жөніндегі жұмыстарды жүргізу ұзақтығы, сондай-ақ қажетті сынақтарды (зерттеулерді) және сараптаманы жүргізуге арналған уақыт шығынының көлемі ҚР СТ 4038-2026 "Жеке-дара көлік құралдары. Жеке-дара көлік құралдарының сәйкестігін бағалау жөніндегі жұмыстарды жүргізуге арналған уақыт нормалары" ұлттық стандартына сәйкес айқындалады.

Ескерту. 85-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Сауда және интеграция министрінің м.а. 01.04.2026 № 155-НҚ (алғашқы ресми жарияланған күннен кейін оның күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

86. Егер техникалық регламенттерде және стандарттау жөніндегі құжаттарда қаражаттың, уақыттың үлкен шығындарымен байланысты және тасымалдау қиын бұйымдар үшін сертификаттау сынақтарын жүргізу қиын болып, ал үлгілерді іріктеу қымбат болып табылатын сынақтар белгіленсе, СРО сертификаттау сынақтарын аккредиттеу саласында айқындалған сынақтарды жүргізу әдістемелеріне сәйкес СРО немесе зертхана өкілдерінің қатысуымен өндіріс процесінде жүргізілетін сынақтармен біріктіру туралы шешім қабылдайды.

ЗҚАИ-ның ескертпесі!

87-тармақ жаңа редакцияда көзделген - ҚР Сауда және интеграция министрінің м.а. 01.04.2026 № 155-НҚ (12.07.2026 бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

87. Зертхана жұмыс нәтижелерін өнімді зерттеу (сынау) және өлшеу хаттамасы (бұдан әрі – сынақ нәтижелері) түрінде ресімдейді және береді, сондай-ақ хаттаманы қоса бере отырып, техникалық реттеудің ақпараттық жүйесі арқылы техникалық реттеу тізілімінде толық көлемде тіркейді.

Сынақ нәтижелерін ресімдеуге қойылатын талаптар МЕМСТ ISO/IEC 17025 "Сынақ және калибрлеу зертханаларының құзыреттілігіне қойылатын жалпы талаптар" мемлекетаралық стандартында айқындалған.

Сынақ нәтижелері өнімді зерттеу (сынау) және өлшеу нәтижелеріне қарамастан өтініш берушіге жіберіледі, ал өнімнің сәйкестігін растау кезінде сертификаттау нысанында техникалық реттеудің ақпараттық жүйесі арқылы СРО жіберіледі.

Ескерту. 87-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Сауда және интеграция министрінің 15.09.2025 № 263-НҚ (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

88. Сынақтардың теріс нәтижелері кезінде өнімнің сәйкестігін растау жөніндегі жұмыстар тоқтатыла тұрады немесе тоқтатылады.

Егер түзету іс-шараларын жүргізу арқылы зерттеулердің (сынақтардың) және өлшеулердің теріс нәтижелерін тудырған сәйкессіздіктерді жою мүмкін болса, өнімнің сәйкестігін растау жөніндегі жұмыстар тоқтатыла тұрады немесе егер түзету іс-шараларын жүргізу арқылы зерттеулердің (сынақтардың) және өлшеулердің теріс нәтижелерін тудырған сәйкессіздіктерді жою мүмкін болмаса, тоқтатылады.

ЗҚАИ-ның ескертпесі!

89-тармақ жаңа редакцияда көзделген - ҚР Сауда және интеграция министрінің м.а. 01.04.2026 № 155-НҚ (12.07.2026 бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

89. Өнімнің сертификаттау нысанында сәйкестігі расталған жағдайда СРО өтініш берушіні хабардар етеді немесе техникалық реттеудің ақпараттық жүйесі арқылы

сертификаттау жөніндегі жұмыстарды тоқтата тұру немесе тоқтату негіздемесімен шешім жібереді.

5-тарау. Өнімнің, көрсетілетін қызметтің, процестердің сәйкестігін ерікті растау

1-параграф. Жалпы ережелер

90. Техникалық регламенттерде белгіленген талаптар қолданылмайтын өнімдердің, көрсетілетін қызметтердің, процестердің сәйкестігін ерікті растау өтініш берушінің бастамасы және талаптары бойынша жүргізіледі.

Сәйкестікті ерікті растау, егер бұл техникалық регламентте белгіленсе, өнімнің сәйкестігін міндетті растауды алмастырмайды.

91. Сәйкестікті ерікті растауды СРО шарт негізінде жүргізеді.

ЗҚАИ-ның ескертпесі!

92-тармақ жаңа редакцияда көзделген - ҚР Сауда және интеграция министрінің м.а. 01.04.2026 № 155-НҚ (12.07.2026 бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

92. Сәйкестік сертификаты сәйкестікті ерікті растау кезінде ЭЦҚ-ны пайдалана отырып, техникалық реттеудің ақпараттық жүйесінде электрондық түрде ресімделеді.

ЗҚАИ-ның ескертпесі!

93-тармақ жаңа редакцияда көзделген - ҚР Сауда және интеграция министрінің м.а. 01.04.2026 № 155-НҚ (12.07.2026 бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

93. Сәйкестік сертификаты сәйкестікті ерікті растау кезінде техникалық реттеудің ақпараттық жүйесі арқылы техникалық реттеу тізілімінде тіркеледі.

2-параграф. Қызметтерді, процестерді сертификаттау

94. Қызметтерді, процестерді сертификаттау стандарттау жөніндегі құжаттарда белгіленген талаптарға сәйкес жүзеге асырылады.

95. Сертификаттау кезінде қызметтердің, процестердің сипаттамалары (көрсеткіштері) тексеріледі және:

1) көрсетілетін қызметтерді, процестерді сәйкестендіруді жүргізу, оның ішінде оның сыныптау топтамасына тиесілігін, технологиялық құжаттарға (модель-үлгіге, технологиялық сипаттамаға және басқаларға) және функционалдық мақсатына сәйкестігін тексеру;

2) сертификатталатын қызметтердің, процестердің стандарттау жөніндегі құжаттарда белгіленген талаптарға сәйкестігін растау.

96. Сертификаттау кезінде қолданылатын қызметтерді сертификаттау схемаларын өтініш беруші Қызметтерді орындау ерекшеліктерін, сынақтар жүргізу мүмкіндігі процестерін, дәлелдеменің талап етілетін деңгейін, тұтынушы мүлкінің сақталуын қамтамасыз ету кезінде өтініш берушінің ықтимал шығындарын ескере отырып, СРО-мен бірлесіп айқындайды.

97. Қызметтерді сертификаттау схемалары қызметтерді, процестерді сертификаттауды жүргізу тәртібін белгілейтін құжатта және сәйкестік сертификатының өзінде көрсетіледі.

98. Қызметтерді сертификаттау схемалары осы Қағидаларға 6-қосымшада келтірілген.

ЗҚАИ-ның ескертпесі!

99-тармақ жаңа редакцияда көзделген - ҚР Сауда және интеграция министрінің м.а. 01.04.2026 № 155-НҚ (12.07.2026 бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

99. Қызметтерді, процестерді сертификаттау техникалық реттеудің ақпараттық жүйесіндегі келесі кезеңдерден тұрады:

1) осы Қағидаларға 1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша техникалық реттеудің ақпараттық жүйесінде СРО-ға сертификаттауға өтінім беру;

2) қызметтерді сертификаттау схемасын таңдау;

3) өтінім бойынша шешім қабылдау;

4) СРО мен өтініш беруші арасында сәйкестікті растау жөніндегі жұмыстарды жүргізуге арналған шартты ресімдеу;

5) қызметтерді, процестерді сынауды және (немесе) қызметтерді көрсету процесін, орындаушының шеберлік процестерін бағалауды, кәсіпорынды аттестаттауды, сапа менеджменті жүйелерін сертификаттауды жүргізу болып табылады;

6) алынатын нәтижелерді талдау және сәйкестік сертификатын беру мүмкіндігі туралы шешім қабылдау;

7) техникалық реттеу тізілімінде тіркеу;

8) электрондық сәйкестік сертификатын беру;

9) сертификатталған қызметке кезеңдік бағалау жүргізу (қызметтерді сертификаттау схемасына сәйкес).

100. Өтініш беруші өтінім беруші көрсететін қызметтерді, процестерді сертификаттауды жүргізуге аккредиттелген кез келген СРО-ға өтінім жібереді.

101. Сынақтар (тексерулер) жүргізу кезінде::

1) көрсетілген қызметтердің, процестердің нәтижелерін стандарттау жөніндегі құжаттардың талаптарына сәйкестігін іріктеп тексеру;

2) сынақтар (тексерулер) хаттамалары бойынша қорытындыларды ресімдеу.

102. Сынақ зертханасы СРО-ға сынақ хаттамасын электрондық түрде жібереді.

ЗҚАИ-ның ескертпесі!

103-тармақ жаңа редакцияда көзделген - ҚР Сауда және интеграция министрінің м.а. 01.04.2026 № 155-НҚ (12.07.2026 бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

103. СРО сәйкестікті бағалаудың және оларды сараптаудың оң нәтижелері кезінде сәйкестік сертификатын беру туралы шешім қабылдайды, сәйкестік сертификатын

қалыптастырады және техникалық реттеудің ақпараттық жүйесі арқылы техникалық реттеу тізілімінде тіркейді және өтініш берушіге техникалық реттеудің ақпараттық жүйесінде жібереді.

Сәйкестікті бағалау нәтижелері бойынша теріс шешім болған жағдайда, СРО себептерін негіздей отырып, сәйкестік сертификатын беруден бас тарту туралы шешім қалыптастырады және техникалық реттеудің ақпараттық жүйесінде өтініш берушіге хабарлама жібереді.

104. Сәйкестік сертификатының қолданылу мерзімін қызметке көрсетілетін қызметтерді сертификаттау схемасын, сондай-ақ менеджмент жүйесіне сәйкестік сертификаты берілген мерзімді ескере отырып.

Ескерту. 104-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Премьер-Министрі орынбасарының - Сауда және интеграция министрінің м.а. 30.03.2023 № 124-НҚ (алғашқы ресми жарияланған күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

ЗҚАИ-ның ескертпесі!

105-тармақ жаңа редакцияда көзделген - ҚР Сауда және интеграция министрінің м.а . 01.04.2026 № 155-НҚ (12.07.2026 бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

105. Қызмет көрсету шарттарына немесе қызметтерді орындау технологиясына, олардың стандарттау жөніндегі құжаттардың талаптарына сәйкестігіне әсер ететін процестерге өзгерістер енгізу кезінде өтініш беруші техникалық реттеудің ақпараттық жүйесінде бұл туралы сәйкестік сертификатын берген СРО-ға хабарлайды, ол жаңа сынақтар немесе тексерулер жүргізу қажеттігі туралы шешім қабылдайды.

ЗҚАИ-ның ескертпесі!

106-тармақ жаңа редакцияда көзделген - ҚР Сауда және интеграция министрінің м.а . 01.04.2026 № 155-НҚ (12.07.2026 бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

106. Сертификаттық сынақтардың (тексерулердің) теріс нәтижелері, сертификатталатын қызметке қойылатын талаптар сақталмаған, өтініш беруші сертификаттау жөніндегі жұмыстарға ақы төлеуден бас тартқан немесе бас тартқан жағдайда ақпараттық жүйеде СРО өтініш берушіге сәйкестік сертификатын беруден бас тарту себептерін көрсете отырып қорытынды береді.

107. Сертификатталған қызметті, процесті кезеңдік бағалауды сәйкестік сертификатын берген СРО жүзеге асырады.

108. Сертификатталған қызметті, процесті кезеңдік бағалау мыналарды көздейді:

- 1) сертификатталған қызмет, процесс туралы ақпаратты талдау;
- 2) кезеңдік бағалау жүргізу үшін комиссиялар ұйымдастыруды қамтамасыз етеді;
- 3) тексеру жүргізу;
- 4) тексеру нәтижелерін ресімдеу және шешім қабылдау.

109. Қызметтердің, процестердің сертификаттау кезінде белгіленген стандарттау жөніндегі құжаттардың талаптарына сәйкестігін кезеңдік бағалаудың кезеңділігі мен

көлемін сертификатталған қызметтер сапасының жай-күйі мен тұрақтылығына қарай СРО, бірақ жылына кемінде 1 (бір) рет айқындайды.

110. Жоспардан тыс кезеңдік бағалау көрсетілетін қызметтердің сапасына наразылықтар, жеке және заңды тұлғалардан процестер, техникалық реттеу саласындағы мемлекеттік бақылау мен қадағалауды жүзеге асыратын мемлекеттік органдардың өтініштері туралы ақпарат бірнеше рет келіп түскен жағдайларда жүргізіледі.

ЗҚАИ-ның ескертпесі!

111-тармақтың бірінші және екінші бөлігі жаңа редакцияда көзделген - ҚР Сауда және интеграция министрінің м.а. 01.04.2026 № 155-НҚ (12.07.2026 бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

111. Кезеңдік бағалау нәтижелері бойынша СРО техникалық реттеудің ақпараттық жүйесінде акт жасайды, онда кезеңдік бағалау нәтижелерін бағалау және берілген сәйкестік сертификатының қолданылуын сақтау мүмкіндігі туралы қорытынды беріледі, оған кезеңдік бағалауға қатысушылар мен сәйкестік сертификаты иесінің өкілі қол қояды.

ЗҚАИ-ның ескертпесі!

111-тармақтың екінші бөлігі жаңа редакцияда көзделген - ҚР Сауда және интеграция министрінің м.а. 01.04.2026 № 155-НҚ (12.07.2026 бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

Акт сәйкестік сертификаты иесі мен СРО техникалық реттеудің ақпараттық жүйесінде сақталады.

Кезеңдік бағалаудың оң нәтижелері кезінде СРО сәйкестік сертификатының қолданылуын растау туралы шешім қабылдайды, ал теріс нәтижелері кезінде СРО берілген сәйкестік сертификатының қолданылуын тоқтата тұрады немесе тоқтатады.

112. Кезеңдік бағалау нәтижелері бойынша СРО көрсетілетін қызмет, процестер стандарттау жөніндегі құжаттардың талаптарына сәйкес келмеген жағдайда, сондай-ақ сәйкестік сертификатының қолданылуын тоқтата тұрады немесе тоқтатады:

- 1) қызметтерді көрсетуге арналған стандарттау жөніндегі құжатты, процесті өзгерту ;
- 2) қызмет көрсетудің технологиялық процесін, процесін өзгерту;
- 3) бақылау, сынау (тексеру) әдістерінің, сапаны қамтамасыз ету жүйесінің өзгеруі, егер көрсетілген өзгерістер қызметтердің, қызмет көрсету процестері мен шарттарының сертификаттау кезінде тексерілетін талаптарға сәйкес келмеуін туындатуға қабілетті болса;
- 4) кәсіпорынның қызметтер көрсету жөніндегі қызметі, процестер тоқтатылған жағдайда;
- 5) өтініш беруші кезеңдік бағалау жүргізуден бас тартқан жағдайда.

113. Сәйкестік сертификатының қолданылуын тоқтата тұру туралы шешім, егер түзету іс-шараларын жүргізу нәтижесінде өтініш берушінің Сәйкессіздік себептерін жоюға және өнімнің, көрсетілетін қызметтердің, процестердің стандарттау жөніндегі құжаттарға сәйкестігін қосымша сертификаттық сынақтар жүргізбестен растауға мүмкіндігі болған жағдайда қабылданады.

114. СРО көрсетілетін қызметтерді, процестерді орындаушыны, тұтынушыларды, уәкілетті органды және басқа да мүдделі тұлғаларды сәйкестік сертификатының қолданылуын тоқтата тұру немесе тоқтату туралы хабардар етеді.

115. Қызметтердің, процестердің немесе қызмет көрсету шарттарының стандарттау жөніндегі құжаттардың белгіленген талаптарына сәйкес келмеуі анықталған жағдайда түзету әрекеттері жүзеге асырылады.

116. СРО түзету әрекеттерін жүргізу кезінде:

- 1) сәйкестік сертификатының қолданылуын тоқтата тұрады;
- 2) көрсетілетін қызметтерді, процестерді орындаушыны, уәкілетті органды, тұтынушыларды және басқа да мүдделі тараптарды хабардар етеді.
- 3) түзету іс-әрекеттерін орындау мерзімін белгілейді;
- 4) түзету әрекеттерінің орындалуын және тиімділігін тексереді;
- 5) тұтынушыларды, жұртшылықты, мүдделі ұйымдарды көрсетілетін қызметтерді, процестерді пайдаланудың қауіптілігі (немесе қаламайтындығы) туралы және анықталған бұзушылықтарды жою тәртібі туралы хабардар етеді.

ЗҚАИ-ның ескертпесі!

117-тармақ жаңа редакцияда көзделген - ҚР Сауда және интеграция министрінің м.а . 01.04.2026 № 155-НҚ (12.07.2026 бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

117. Түзету іс-қимылдарын орындағаннан кейін СРО техникалық реттеудің ақпараттық жүйесінде көрсетілетін қызметтерді орындаушыға, уәкілетті органға сәйкестік сертификатының қолданылуын тоқтата тұруды алып тастау туралы хабарлама жібереді.

118. Орындаушы түзету іс-әрекеттерін орындамаған немесе олардың тиімсіздігі кезінде СРО сәйкестік сертификатының қолданылуын тоқтату туралы шешім қабылдайды.

ЗҚАИ-ның ескертпесі!

119-тармақ жаңа редакцияда көзделген - ҚР Сауда және интеграция министрінің м.а . 01.04.2026 № 155-НҚ (12.07.2026 бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

119. СРО өтінімді техникалық реттеудің ақпараттық жүйесінде тіркелгеннен кейін 10 (он) жұмыс күнінен кешіктірмей қарайды, өтініш берушіге шешімді хабарлайды және ол қол қойған сәйкестікті бағалау бойынша қызметтер көрсетуге арналған шартты береді. Қызметтерді сертификаттауға өтінім беру туралы шешім қызметтерді сертификаттау схемасын көрсете отырып, осы қызметті сертификаттау тәртібіне сәйкес сертификаттаудың барлық негізгі шарттарын қамтиды.

120. Сертификаттық сынақтар СРО-мен келісілген мерзімде жүргізіледі.

ЗҚАИ-ның ескертпесі!

121-тармақ жаңа редакцияда көзделген - ҚР Сауда және интеграция министрінің м.а . 01.04.2026 № 155-НҚ (12.07.2026 бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

121. Электрондық сәйкестік сертификаты және сертификаттау жөніндегі барлық растайтын құжаттар мен мәліметтер техникалық реттеудің ақпараттық жүйесінде тұрақты негізде сақталады.

3-параграф. Өнімді сертификаттау

122. Өнімді ерікті сертификаттау осы Қағидалардың 90-тармағын ескере отырып, 2-тарауда көрсетілген рәсімдерді қамтиды.

6-тарау. Сәйкестікті бағалау туралы құжаттардың нысандары, оларды ресімдеу, беру, кезеңдік бағалау, олардың қолданылуын тоқтата тұру, қайта бастау және тоқтату тәртібі

1-параграф. Сәйкестік сертификаттарын ресімдеу және беру тәртібі

123. Сәйкестік сертификатын аккредиттеу субъектілерінің тізіліміне енгізілген СРО ресімдейді.

ЗҚАИ-ның ескертпесі!

124-тармақ жаңа редакцияда көзделген - ҚР Сауда және интеграция министрінің м.а . 01.04.2026 № 155-НҚ (12.07.2026 бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

124. Сәйкестік сертификаты ЭЦҚ пайдалана отырып, техникалық реттеудің ақпараттық жүйесінде қалыптастыру арқылы электрондық түрде ресімделеді және техникалық реттеу тізілімінде тіркеледі.

125. Сәйкестік сертификаты мемлекеттік және орыс тілдерінде толтырылады.

126. Сәйкестік сертификатын толтыру кезінде бос бағандарға жол берілмейді.

127. Осы Қағидаларға 4-қосымшаға сәйкес нысан бойынша өнімді міндетті және ерікті сертификаттау кезінде, оның ішінде IAF MLA бірлескен белгісін (аккредиттеу жөніндегі Халықаралық форумды тану туралы көпжақты келісімді аккредиттеу жөніндегі халықаралық форум) (бұдан әрі – IAF MLA бірлескен белгісі) қолдана отырып, сәйкестік сертификатын толтыру кезінде мынадай мәліметтер көрсетіледі:

1-жол – аккредиттеу субъектісі қызметінің бағытын көрсете отырып, СРО тіркеу нөмірлері (кодтық деректемелері) (ҚР СТ 7.17 "Аккредиттеу субъектілерінің тізілімін жүргізудің құрылымы мен тәртібі" (бұдан әрі – ҚР СТ 7.17) ұлттық стандартына сәйкес беріледі);

ЗҚАИ-ның ескертпесі!

117-тармақтың үшінші, төртінші, бесінші, алтыншы және жетінші абзацтары жаңа редакцияда көзделген - ҚР Сауда және интеграция министрінің м.а. 01.04.2026 № 155-НҚ (12.07.2026 бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

2-жол – кездейсоқ тәртіппен техникалық реттеудің ақпараттық жүйесінде автоматты түрде генерацияланатын, он төрт символдан тұратын және мынадай белгісі бар QR-код түріндегі сәйкестік сертификатының бірегей сәйкестендіру нөмірі:

1) алғашқы екі символ – стандарттау жөніндегі халықаралық ұйымның ISO кодына сәйкес Қазақстан Республикасының литерлік коды (екі латын бас әрпі – KZ);

2) үшіншіден он төртінші таңбаға дейін – бірегей әріптік-сандық код;

3-жол – тізілімге сәйкестік сертификатының тіркелген күні (күні – екі араб санымен , айы – жазумен, жылы – араб санымен);

4-жол – сәйкестік сертификатының тіркеу нөмірі техникалық реттеудің ақпараттық жүйесімен беріледі;

5-жол – сәйкестік сертификатының қолданылу мерзімін СРО белгілейді. Күн 3-жолдағыдай толтырылады;

6-жол – сәйкестік сертификатын берген СРО-ның БСН, атауы және орналасқан жері . Қолданыстағы аккредиттеу аттестатында көрсетілген атауда СРО атауымен сәйкессіздіктерге жол берілмейді;

7-жол – өнімге арналған стандарттау жөніндегі құжатқа сәйкес өнімнің атауы, типі, түрі, маркасы және (немесе) дайындаушы-кәсіпорын (бар болса) берген шартты белгі, сондай-ақ өнімді сәйкестендіруді қамтамасыз ететін өнім туралы өзге де мәліметтер (бар болса) көрсетіледі. Қажет болған жағдайларда стандарттау жөніндегі құжаттың немесе оған сәйкес өнім дайындалған өзге құжаттың белгісі (бар болса және өнімді сертификаттау түріне байланысты) көрсетіледі. Егер сәйкестік сертификаты бір бұйымға берілсе, бұйымның зауыттық нөмірі көрсетіледі, егер партияға -- партия мөлшері (данамен, килограммен, метрмен және басқа да өлшем бірліктерімен), егер шығарылатын өнімнің бүкіл көлеміне сәйкестік сертификатының қолданылу мерзімі шегінде – "сериялық өндіріс" көрсетіледі. Өнім партиясы мен дара бұйым үшін өнім партиясын (мөлшерін) немесе дара бұйымды сәйкестендіретін тауарға ілеспе құжаттаманың деректемелері көрсетіледі;

8-жол – ЕАЭО СЭҚ ТН сәйкес өнім коды;

9-жол – сертификатталатын өнімді дайындаушы кәсіпорынның толық атауы, оның орналасқан жері (заңды тұлғаның мекенжайы) және өнімді дайындау жөніндегі қызметті жүзеге асыру орнының мекенжайы (егер мекенжайы әртүрлі болса);

10-жол – жүргізілетін сертификаттау түріне байланысты сертификаттау жүргізілген нормативтік құқықтық актілерді және (немесе) стандарттау жөніндегі құжаттарды белгілеу немесе стандарттарды тұтастай емес (олар қолданылған жағдайда) осы стандарттың бөлімдерін (тармақтарын, тармақшаларын) және (немесе) өзге де құжаттарды сәйкестікке белгілеу;

11-жол – өтініш берушінің БСН (заңды тұлға үшін) немесе ЖСН (жеке кәсіпкер ретінде тіркелген жеке тұлға үшін) атауы және мекенжайы, сондай-ақ өтініш берушінің өнімді сәйкестік белгісімен таңбалау немесе өнімнің жекелеген партияларын

белгіленген нысандағы сәйкестік сертификаттарының бірге алып жүру құқығы көрсетіледі;

12-жол – СРО-ға сәйкестік сертификатын беруге негіз болған құжаттар, ең алдымен аккредиттелген зертхана сертификатының нөмірі, күні, атауы және тіркеу нөмірі көрсетілген сынақ хаттамасы көрсетіледі. Егер зертхана мемлекеттік техникалық реттеу жүйесінде аккредиттелмеген болса, онда зертхана аккредиттелген жүйені көрсетумен толықтырылады. Техникалық реттеудің мемлекеттік жүйесінде танылатын шетелдік сәйкестік сертификаттары болған жағдайда олардың тіркеу нөмірі, күні және осы құжаттарды берген СРО көрсетіледі. Сондай-ақ, өндірістің жай-күйін талдау актісі туралы (өнімді сертификаттау схемасында көзделген жағдайларда), менеджмент жүйесінің сәйкестік сертификаты туралы (өнімді сертификаттау схемасында көзделген жағдайларда) менеджмент жүйесінің сәйкестік сертификатын берген менеджмент жүйесінің СРО атауы, аккредиттеу аттестатының тіркеу нөмірі көрсетілген мәліметтер келтіріледі;

уәкілетті органдар берген өнімнің белгіленген талаптарға сәйкестігі туралы қорытындылар, анықтамалар және өзге де құжаттар. Сертификаттау жүргізуге өтінімді пайдаланған жағдайда өтініш беруші оған қоса беретін құжаттарды көрсетеді;

13-жол – өнімді сертификаттаудың қолданылатын схемасы көрсетіледі, кезеңдік бағалауды жүзеге асыратын ұйым туралы ақпарат және СРО енгізу қажет деп есептейтін басқа ақпарат, мысалы, сыртқы сәйкестендіру белгілері (ыдыстың, ораманың түрі, таңбалау және басқалар), сәйкестік белгісін салу орны және басқалар келтіріледі;

14-жол – СРО басшысының немесе сәйкестік сертификатын берген ол уәкілеттік берген адамның аты-жөні, тегі;

15-жол – сертификаттауды жүргізген сарапшы-аудитордың аты-жөні, тегі.

Сәйкестік сертификатының 7-9, 12-жолдарында көрсетілетін ақпараттың едәуір көлемі кезінде мұндай ақпарат осы Қағидаларға 4-қосымшаға сәйкес нысан бойынша сәйкестік сертификатына қосымшада келтіріледі.

Қосымша сәйкестік сертификатының ажырамас бөлігі болып табылады. Қосымшаның әрбір беті нөмірленеді, оған сәйкестік сертификатының тіркеу нөмірі, СРО басшысының немесе сәйкестік сертификатын берген ол уәкілеттік берген адамның және сертификаттауды жүргізген сарапшы-аудитордың тегі, аты және әкесінің аты (бар болса) қойылады.

Қажет болған жағдайда жоғарыда көрсетілген мәліметтер ағылшын тілінде өнімді міндетті және ерікті сертификаттау үшін сәйкестік сертификаттарында, оның ішінде біріктірілген IAF MLA белгісін қолдана отырып толтырылады.

Ескерту. 127-1-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Сауда және интеграция министрінің 15.09.2025 № 263-НҚ (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

127-1. Табиғи тастан жасалған бұйымдарға сәйкестік сертификатын толтыру кезінде осы Қағидаларға 4-қосымшаға сәйкес нысан бойынша 13-жолда, оның ішінде IAF MLA бірлескен белгісін қолдана отырып, қосымша мынадай мәліметтер көрсетіледі: табиғи тастың түсі мен мөлшері, тау жыныстарының беріктігі, өңдеу механизмі, кен орнының атауы мен мекенжайы, тегі, аты және әкесінің аты (болған жағдайда бар болса) шығу күнін көрсете отырып, кен орнына шығуды жүзеге асырған сарапшы-аудитор, егер кен орны Қазақстан Республикасынан тыс жерде болса, сынақтар жүргізу үшін іріктелген өнім партиясының (партияны сертификаттау кезінде) немесе өнім үлгілерінің (сериялық өндірісті сертификаттау кезінде) шекарасынан өту күні көрсетіледі.

Ескерту. Қағидалар 127-1-тармақпен толықтырылды – ҚР Сауда және интеграция министрінің 15.09.2025 № 263-НҚ (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

128. Осы Қағидаларға 4-қосымшаға сәйкес нысан бойынша, оның ішінде біріктірілген IAF MLA белгісін қолдана отырып, менеджмент жүйесінің сәйкестік сертификатын толтыру кезінде мынадай мәліметтер көрсетіледі:

1-жол-аккредиттеу субъектісі қызметінің бағытын көрсете отырып, СРО-ның тіркеу нөмірлері (кодтық деректемелері) (ҚР СТ 7.17 ұлттық стандартына сәйкес беріледі) ;

ЗҚАИ-ның ескертпесі!

128-тармақтың үшінші, төртінші, бесінші, алтыншы және жетінші абзацтары жаңа редакцияда көзделген - ҚР Сауда және интеграция министрінің м.а. 01.04.2026 № 155-НҚ (12.07.2026 бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

2-жол – кездейсоқ тәртіппен техникалық реттеудің ақпараттық жүйесінде автоматты түрде генерацияланатын, он төрт символдан тұратын және мынадай белгісі бар QR-код түріндегі сәйкестік сертификатының бірегей сәйкестендіру нөмірі:

1) алғашқы екі символ – стандарттау жөніндегі халықаралық ұйымның ISO кодына сәйкес Қазақстан Республикасының литерлік коды (екі латын бас әрпі – KZ);

2) үшіншіден он төртінші таңбаға дейін – бірегей әріптік-сандық код;

3-жол – тізілімге сәйкестік сертификатының тіркелген күні (күні – екі араб санымен , айы – жазумен, жылы – араб санымен));

4-жол – сәйкестік сертификатының тіркеу нөмірі техникалық реттеудің ақпараттық жүйесімен беріледі;

5-жол – сәйкестік сертификатының қолданылу мерзімін СРО белгілейді. Күн 3-жолдағыдай толтырылады;

6-жол – менеджмент жүйесін алғашқы сертификаттау күні;

7-жол – сәйкестік сертификатын берген СРО-ның БСН, атауы және орналасқан жері . Қолданыстағы аккредиттеу аттестатында көрсетілген атауда СРО атауымен сәйкессіздіктерге жол берілмейді;

8-жол – БСН (заңды тұлға үшін) немесе ЖСН (жеке кәсіпкер ретінде тіркелген жеке тұлға үшін), өндірістік алаңдарды қоса алғанда (өндірістік алаңдар болған кезде), өтініш беруші ұйымның атауы мен мекенжайы;

өндірістік алаңдардың қосымша тізбелерін және олардың орналасқан жерін менеджмент жүйесінің сәйкестік сертификатына қосымшада көрсеткен жөн;

9-жол – БСН (заңды тұлға үшін) немесе ЖСН (жеке кәсіпкер ретінде тіркелген жеке тұлға үшін), өтініш берушінің толық атауы, оның орналасқан жері (заңды тұлғаның мекенжайы);

10-жол – менеджмент жүйесінің атауы;

11-жол – менеджмент жүйесін сертификаттау саласы және ҚР СК 03 " Экономикалық қызмет түрлерінің жалпы сыныптауышы" Ұлттық сыныптауышына сәйкес қызмет саласының тиісті коды (Экономикалық қызмет түрлерінің жалпы жіктеуіштерінің коды (бұдан әрі – ЭҚЖЖ));

сертификаттау саласын және ЭҚЖЖ кодын нақтылау менеджмент жүйесінің сәйкестік сертификатына қосымшада көрсетілуі тиіс;

12-жол – СРО басшысының немесе сәйкестік сертификатын берген ол уәкілеттік берген адамның аты-жөні, тегі;

13-жол – сол жерде аудит жүргізген менеджмент жүйесінің осы түрі бойынша сарапшы-аудиторлардың бірінің аты-жөні, тегі.

Сәйкестік сертификатының 11-жолында көрсетілетін қызмет пен қызмет түріне қатысты сертификаттау саласы бойынша ақпараттың едәуір көлемі кезінде мұндай ақпарат осы Қағидаларға 4-қосымшаға сәйкес нысан бойынша сәйкестік сертификатына қосымшада келтіріледі. Қосымша сәйкестік сертификатының ажырамас бөлігі болып табылады. Қосымшаның әрбір беті нөмірленеді, оған сәйкестік сертификатының тіркеу нөмірі, СРО басшысының немесе сәйкестік сертификатын берген ол уәкілеттік берген адамның және сертификаттауды жүргізген сарапшы-аудитордың тегі, аты және әкесінің аты (бар болса) қойылады.

Қажет болған жағдайда жоғарыда көрсетілген мәліметтер ағылшын тілінде өнімді міндетті және ерікті сертификаттау үшін сәйкестік сертификаттарында, оның ішінде біріктірілген IAF MLA белгісін қолдана отырып толтырылады.

Ескерту. 128-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Сауда және интеграция министрінің 15.09.2025 № 263-НҚ (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

129. Осы Қағидаларға 4-қосымшаға сәйкес нысан бойынша көрсетілетін қызметтерге сәйкестік сертификатын толтыру кезінде мынадай мәліметтер көрсетіледі:

1-жол – аккредиттеу субъектісі қызметінің бағытын көрсете отырып, СРО-ның тіркеу нөмірлері (кодтық деректемелері) (ҚР СТ 7.17 ұлттық стандартына сәйкес беріледі);

ЗҚАИ-ның ескертпесі!

129-тармақтың үшінші, төртінші, бесінші, алтыншы және жетінші абзацтары жаңа редакцияда көзделген - ҚР Сауда және интеграция министрінің м.а. 01.04.2026 № 155-НҚ (12.07.2026 бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

2-жол – кездейсоқ тәртіппен техникалық реттеудің ақпараттық жүйесінде автоматты түрде генерацияланатын, он төрт символдан тұратын және мынадай белгісі бар QR-код түріндегі сәйкестік сертификатының бірегей сәйкестендіру нөмірі:

1) алғашқы екі символ – стандарттау жөніндегі халықаралық ұйымның ISO кодына сәйкес Қазақстан Республикасының литерлік коды (екі латын бас әрпі – KZ);

2) үшіншіден он төртінші таңбаға дейін – бірегей әріптік-сандық код;

3-жол – тізілімге сәйкестік сертификатының тіркелген күні (күні – екі араб санымен , айы – жазумен, жылы – араб санымен));

4-жол – сәйкестік сертификатының тіркеу нөмірі техникалық реттеудің ақпараттық жүйесімен беріледі;

5-жол – сәйкестік сертификатының қолданылу мерзімін СРО белгілейді. Күн 3-жолдағыдай толтырылады;

6-жол – сәйкестік сертификатын берген СРО-ның БСН, атауы және орналасқан жері ;

қолданыстағы аккредиттеу аттестатында көрсетілген атауда СРО атауымен сәйкессіздіктерге жол берілмейді;

7-жол – БСН (заңды тұлға үшін) немесе ЖСН (жеке кәсіпкер ретінде тіркелген жеке тұлға үшін), қызметті орындаушының атауы және өтініш беруші ұйымның мекенжайы;

8-жол – қызметтің атауы;

9-жол – ҚР МЖ ЭҚТӨЖ 04 Экономикалық қызмет түрлері бойынша өнім жіктеуішіне сәйкес қызмет кодының сыныптау бөлігі. Сәйкестік сертификаты бірнеше нақты қызметтерге берілген жағдайда сәйкестік сертификатында кодтардың тиісті саны қойылады немесе кодтар тізбесі сәйкестік сертификатына қосымшада келтіріледі;

10-жол – стандарттау жөніндегі құжаттың бөлімін және (немесе) тарауын (тармақтарын) көрсете отырып, сәйкестігі сертификаттау жүргізілген нормативтік құқықтық актілерді және (немесе) стандарттау жөніндегі құжаттарды белгілеу (қажет болған жағдайда);

11-жол СРО сәйкестік сертификатын беруге негіз болған құжаттар көрсетіледі (өнімді сертификаттау схемасы, Орындаушының шеберлігін бағалау актісі немесе қызмет нәтижесін сынау хаттамасы; қызмет көрсету процесін бағалау актісі; менеджмент жүйесін бағалау актісі; тұтастай кәсіпорынды аттестаттау актісі);

болған жағдайда мемлекеттік тізілімде қолданылу мерзімімен менеджмент немесе өндіріс жүйесінің сәйкестік сертификатының тіркеу нөмірі көрсетіледі;

12-жол – БСН, кезеңдік бағалауды жүзеге асыратын ұйымның атауы және орналасқан жері;

13-жол – СРО басшысының немесе сәйкестік сертификатын берген ол уәкілеттік берген адамның аты-жөні, тегі;

14-жол – сертификаттауды жүргізген сарапшы-аудитордың аты-жөні, тегі.

Сәйкестік сертификатының 8-жолында көрсетілетін қызмет пен қызмет түріне қатысты ақпараттың едәуір көлемі кезінде мұндай ақпарат осы Қағидаларға 4-қосымшаға сәйкес нысан бойынша сәйкестік сертификатына қосымшада келтіріледі. Қосымша сәйкестік сертификатының ажырамас бөлігі болып табылады. Қосымшаның әрбір беті нөмірленеді, оған сәйкестік сертификатының тіркеу нөмірі, СРО басшысының немесе сәйкестік сертификатын берген ол уәкілеттік берген адамның және сертификаттауды жүргізген сарапшы-аудитордың тегі, аты және әкесінің аты (бар болса) қойылады.

Ескерту. 129-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Сауда және интеграция министрінің 15.09.2025 № 263-НҚ (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

129-1. Осы Қағидаларға 4-1-қосымшасына сәйкес нысан бойынша процестің сәйкестік сертификатын толтыру кезінде мынадай мәліметтер көрсетіледі:

1-жол – СРО тіркеу нөмірлері (кодтық деректемелер) (ҚР СТ 7.17 ұлттық стандартына сәйкес беріледі) және аккредитация субъектісінің қызмет бағыты көрсетіледі;

ЗҚАИ-ның ескертпесі!

129-тармақтың үшінші, төртінші, бесінші, алтыншы және жетінші абзацтары жаңа редакцияда көзделген - ҚР Сауда және интеграция министрінің м.а. 01.04.2026 № 155-НҚ (12.07.2026 бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

2-жол – сәйкестік сертификатының бірегей идентификациялық нөмірі, QR-код түрінде, ол техникалық реттеу ақпараттық жүйесінде кездейсоқ тәртіппен автоматты түрде қалыптастырылады, он төрт таңбадан тұрады және келесі түрде белгіленеді:

1) алғашқы екі таңба – Қазақстан Республикасы ISO – Халықаралық стандарттау ұйымының коды бойынша әріптік код (екі бас әріп – KZ);

2) үшіншіден он төртіншіге дейінгі таңбалар – бірегей әріптік-сандық код;

3-жол – сәйкестік сертификатының тіркеу күні (күн – екі араб цифрымен, ай – сөзбен, жыл – араб цифрларымен);

4-жол – сәйкестік сертификатының тіркеу н

өмірі техникалық реттеу ақпараттық жүйесі арқылы беріледі;

5-жол – сәйкестік сертификатының қолданылу мерзімі СРО белгілейді. Дата 3-жолдағы сияқты жазылады;

6-жол – сәйкестікті бағалау органының БСН-і, атауы және орналасқан жері, сертификат берген СРО атауы. Ағымдағы аккредитация аттестатында көрсетілген атау мен СРО атауы арасында сәйкессіздік болмауы тиіс;

7-жол – процесс атауы. Егер процестің соңғы нәтижесі өнім болса, онда өнімнің атауы көрсетіледі (ҚР СТ 3111 сәйкес органикалық өнім өндіру процесі үшін процесс мәртебесі: өтпелі кезең немесе органикалық деп қосымша көрсетіледі), дайындау мекенжайы;

8-жол – өтініш берушінің БСН-і, атауы және мекенжайы;

9-жол – сертификаттау жүргізілген нормативтік құқықтық актілердің және (немесе) стандарттау құжаттарының белгілеулері, сондай-ақ стандарттау құжатының бөлімі мен (немесе) бөлім тармағы көрсетіледі (қажет болған жағдайда);

10-жол – СРО сәйкестік сертификатын берген негізінде қабылданған құжаттар (сынақ хаттамасы және (немесе) аудиторлық есеп (аудит қорытындысы));

11-жол – сәйкестік сертификатын берген СРО басшысының немесе оның уәкілетті тұлғасының аты-жөні мен тегі;

12-жол – сертификаттау жүргізген сарапшы-аудитордың аты-жөні мен тегі;

13-жол – өнімді сертификаттаудың қолданылатын схемасы көрсетіледі (болған жағдайда), кезеңдік бағалауды жүзеге асыратын ұйым туралы ақпарат және СРО енгізу қажет деп есептейтін басқа ақпарат.

Қызмет түрі мен процестің сипаттамасы бойынша ақпараттың көлемі 7-жолда көрсетілген мәліметтердің сыйымдылығынан асып кеткен жағдайда, бұл ақпарат осы Қағидалардың 4-қосымшасына сәйкес рәсімделген процестер бойынша сәйкестік сертификатына қосымшада көрсетіледі. Қосымша сәйкестік сертификатының ажырамас бөлігі болып табылады. Қосымшаның әр беті нөмірленеді, оған сәйкестік сертификатының тіркеу нөмірі, СРО басшысының немесе оның уәкілетті тұлғасының және сертификаттау жүргізген сарапшы-аудитордың аты-жөні, тегі жазылады.

Ескерту. Қағидалар 129-1-тармақпен толықтырылды – ҚР Сауда және интеграция министрінің 15.09.2025 № 263-НҚ (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

130. IAF MLA бірлескен белгісін қолдана отырып, өнімге және менеджмент жүйесіне сәйкестік сертификаты өнімді сертификаттауды және (немесе) менеджмент жүйесін жүзеге асыратын СРО-да толық құқылы мүшенің және тану туралы көпжақты келісімнің (MLA) қол қоюының мәртебесін куәландыратын IAF MLA бірлескен белгісін қолдануға аккредиттеу жөніндегі органмен қол қойылған шарт болған жағдайда ғана толтырылады.

131. Өнімнің сәйкестік сертификатын және оған қосымшаларды қайта шығару (қайта рәсімдеу) осы Қағидалардың 9-бабының 1), 2), 3), 4), 5) және 6) тармақтарында көзделген рәсімдерді орындамай және сәйкестік сертификатының жарамдылық мерзімін өзгертпей келесі жағдайларда рұқсат етіледі (қолданылған сертификаттау схемасына байланысты):

1) өнімнің сәйкестік сертификаты мен оған қосымшаларында қателерді (баспа қатесін) анықтау;

2) өтініш берушіге қатысты ұйымдық-құқықтық нысанды, орналасқан жерін (заңды тұлғаның мекенжайын), жеке кәсіпкер ретінде тіркелген жеке тұлғаның тұрғылықты жерін, қызмет орнындағы мекенжайын (мекенжайлар әр түрлі болған жағдайда), телефон нөмірін және (немесе) электрондық поштасының мекенжайын өзгерту – өтініш берушіге қатысты;

3) өнім өндірушіге қатысты ұйымдық-құқықтық нысанды, орналасқан жерін (заңды тұлғаның мекенжайын), жеке кәсіпкер ретінде тіркелген жеке тұлғаның тұрғылықты жерін өзгерту, – өнім өндірушіге қатысты;

3-1) өнім өндіру орнындағы мекенжай реквизиттері ретінде көрсетілген географиялық объектінің, көше-көлік желісінің элементінің (көшесі, проспекті, алаңы, переулкі, өткелі, жағалауы, бульвары және тағы басқалар), жоспарлау құрылымының элементінің (ауданы, микроауданы және тағы басқалар), мекенжай нысанының нөмірлеуін (үй, бөлме және тағы басқалар), пошта индексін өзгерту (өнім өндіру орны фактілік өзгермеген жағдайда) – өнім өндірушіге қатысты;

3-2) заңды тұлғаның атауын, жеке кәсіпкер ретінде тіркелген жеке тұлғаның тегін, атын, әкесінің атын (бар болса) өзгерту, тіркеу немесе есептік (жеке, сәйкестендіру) нөмірі сақталған және өнім өндіру орнын өзгеріссіз қалдырған жағдайда;

4) ЕАЭО СЭҚ ТН кодының (кодтарының) өзгеруі;

5) өнім өндіру орындарының мекенжайлары санын қысқарту;

6) бұрын сертификатталған өнімге жаңа орама (қаптама) түрін енгізу және (немесе) өзгерту.

Географиялық объектінің, көше-көлік желісінің элементінің (көшесі, проспекті, алаңы, жолағы, өткелі, жағалауы, бульвары және тағы басқалар), жоспарлау құрылымының элементінің (ауданы, микроауданы және тағы басқалар), мекенжай нысанының нөмірлеуін (үй, бөлме және тағы басқалар), пошта индексін өзгерту, өтініш беруші және (немесе) өнім өндіруші болып табылатын заңды тұлғаның мекенжайы, жеке кәсіпкер ретінде тіркелген жеке тұлғаның тұрғылықты жері, өтініш берушінің қызмет көрсету орнының мекенжайы, өнім өндіру орнының мекенжайы (аталған мекенжайлардың фактілік өзгермеуі жағдайында), өтініш берушінің телефон нөмірін және (немесе) электрондық поштасының мекенжайын өзгерту, ЕАЭО СЭҚ ТН кодтарының өзгеруі кезінде сәйкестік сертификатын және (немесе) оған қосымшаларды ауыстыру талап етілмейді және өтініш берушінің талабы бойынша жүзеге асырылады.

Ескерту. 131-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Сауда және интеграция министрінің 15.09.2025 № 263-НҚ (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

132. Сәйкестік сертификатына осы тарауда көзделмеген мәліметтерді енгізуге, сондай-ақ сөздерді қысқартуға (жалпы қабылданған белгілер мен қысқартулардан басқа) және мәтінді кез келген түзетуге жол берілмейді.

СРО және сарапшы-аудиторлар Қазақстан Республикасының техникалық реттеу саласындағы заңнамасын бұзғаны үшін Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес жауапты болады.

2-параграф. Сәйкестік туралы декларацияны ресімдеу және беру тәртібі

133. Сәйкестік туралы декларацияны тіркеуді аккредиттеу субъектілерінің тізіліміне енгізілген СРО жүзеге асырады.

ЗҚАИ-ның ескертпесі!

134-тармақ жаңа редакцияда көзделген - ҚР Сауда және интеграция министрінің м.а . 01.04.2026 № 155-НҚ (12.07.2026 бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

134. Сәйкестік туралы декларация ЭЦҚ пайдалана отырып, техникалық реттеудің ақпараттық жүйесінде қалыптастыру арқылы электрондық түрде ресімделеді және техникалық реттеу тізілімінде тіркеледі.

135. Сәйкестік туралы декларация мемлекеттік және орыс тілдерінде қалыптастырылады.

136. Осы Қағидаларға 5-қосымшаға сәйкес нысан бойынша өнімнің сәйкестігі туралы декларацияны толтыру кезінде мынадай мәліметтер көрсетіледі:

1-жол – СРО тіркеу нөмірлері (кодтық деректемелері) (ҚР СТ 7.17 ұлттық стандартына сәйкес беріледі);

ЗҚАИ-ның ескертпесі!

136-тармақтың үшінші, төртінші, бесінші, алтыншы және жетінші абзацтары жаңа редакцияда көзделген - ҚР Сауда және интеграция министрінің м.а. 01.04.2026 № 155-НҚ (12.07.2026 бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

2-жол – кездейсоқ тәртіппен техникалық реттеудің ақпараттық жүйесінде автоматты түрде генерацияланатын, он төрт символдан тұратын және мынадай белгісі бар QR-код түріндегі сәйкестік туралы декларацияның бірегей сәйкестендіру нөмірі:

1) алғашқы екі символ – стандарттау жөніндегі халықаралық ұйымның ISO кодына сәйкес Қазақстан Республикасының литерлік коды (екі латын бас әрпі – KZ);

2) үшіншіден он төртінші таңбаға дейін – бірегей әріптік-сандық код;

3-жол – тізілімге сәйкестік туралы декларацияның қабылданған және тіркелген күні (күні – екі араб санымен, айы – жазумен, жылы – араб санымен));

4-жол – сәйкестік туралы декларацияның тіркеу нөмірі техникалық реттеудің ақпараттық жүйесімен беріледі;

5-жол – сәйкестік туралы декларацияның қолданылу мерзімі. Сәйкестік туралы Декларация осы өнімді шығарудың жоспарланған мерзімін немесе өнім партиясын өткізу мерзімін негізге ала отырып, өтініш беруші белгілеген мерзімге, бірақ 1 (бір) жылдан аспайтын мерзімге қабылданады. Күн 3-жолдағыдай толтырылады;

6-жол – сәйкестік туралы декларацияны тіркеген СРО БСН, атауы және орналасқан жері. Қолданыстағы аккредиттеу аттестатында көрсетілген атауда СРО атауымен сәйкессіздіктерге жол берілмейді;

6-жолда қызметтің осы түріне алынған лицензия туралы мәліметтер (бар болса) қосымша көрсетіледі;

7-жол – БСН немесе ЖСН, сәйкестік туралы декларацияны қабылдаған өтініш беруші ұйымның немесе жеке кәсіпкердің атауы, мекенжайы, телефоны, электрондық мекенжайы;

8-жол – өтініш беруші ұйым басшысының немесе оның атынан сәйкестік туралы декларация қабылданатын жеке кәсіпкердің тегі, аты-жөні және лауазымы;

9-жол – сәйкестік туралы декларация қолданылатын өнімнің атауы, түрі, өнім маркасы, ЕАЭО СЭҚ ТН коды, өнімнің сериялық шығарылымы немесе партиясы туралы мәліметтер (партияның мөлшері көрсетіледі), өндірушінің толық атауы, оның орналасқан жері (заңды тұлғаның мекенжайы) және өнімді дайындау жөніндегі қызметті жүзеге асыру орнының мекенжайы (мекенжайлары) (заңды тұлғаның мекенжайы); егер мекенжайлар әртүрлі болса) – өнімді дайындайтын заңды тұлға және оның филиалдары үшін – дара кәсіпкер ретінде тіркелген жеке тұлға үшін-немесе өнімді дайындау жөніндегі қызметті жүзеге асыратын жердің тегі, аты және әкесінің аты (бар болса), тұрғылықты жері және мекенжайы (мекенжайлары);

10-жол – сәйкестігі сәйкестік туралы қабылданған Декларациямен расталатын өнім үшін белгіленген талаптарды қамтитын тармақтарды көрсете отырып, Нормативтік құқықтық актілерді және (немесе) стандарттау жөніндегі құжаттарды белгілеу;

11-жол – негізінде сәйкестік туралы декларация қабылданған құжаттың (құжаттардың) атауы;

12-жол – СРО енгізу қажет деп есептейтін басқа ақпарат келтіріледі;

13-жол – өзі дайындайтын (өткізетін) өнімге сәйкестік туралы декларацияны қабылдаған өтініш беруші ұйым басшысының немесе дара кәсіпкердің аты-жөні, тегі;

14-жол – сәйкестік туралы декларацияны тіркеген СРО басшысының немесе ол уәкілеттік берген тұлғаның тегі, аты-жөні.

Ескерту. 136-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Сауда және интеграция министрінің 15.09.2025 № 263-НҚ (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

137. Тіркелген сәйкестік декларациясына өзгерістер енгізу рұқсат етілмейді. Өзгерістер енгізу қажеттілігі туындаған жағдайда, өтініш беруші жаңа сәйкестік декларациясын қабылдап, оны осы Қағидаларға сәйкес тіркейді.

Өтініш беруші жаңа сәйкестік декларациясын қабылдап, техникалық реттеу реестрінде тіркеуді 71-баптың 2) және 3) тармақтарында қарастырылған құжаттар мен мәліметтерді ұсынбай-ақ келесі жағдайларда жүзеге асырады:

1) сәйкестік декларациясы мен оған қосымшаларында қателердің (баспа қатесінің) анықталуы;

2) өтініш берушіге қатысты ұйымдық-құқықтық нысанды, орналасқан жерін (заңды тұлғаның мекенжайын), жеке кәсіпкер ретінде тіркелген жеке тұлғаның тұрғылықты жерін, қызмет орнындағы мекенжайын (мекенжайлар әр түрлі болған жағдайда), телефон нөмірін және (немесе) электрондық поштасының мекенжайын өзгерту – өтініш берушіге қатысты;

3) өнім өндірушіге қатысты ұйымдық-құқықтық нысанды, орналасқан жерін (заңды тұлғаның мекенжайын), жеке кәсіпкер ретінде тіркелген жеке тұлғаның тұрғылықты жерін өзгерту – өнім өндірушіге қатысты;

3-1) өнім өндіру орнындағы мекенжай реквизиттері ретінде көрсетілген географиялық объектінің, көше-көлік желісінің элементінің (көшесі, проспекті, алаңы, переулкі, өткелі, жағалауы, бульвары және тағы басқалар), жоспарлау құрылымының элементінің (ауданы, микроауданы және тағы басқалар), мекенжай нысанының нөмірлеуін (үй, бөлме және тағы басқалар), пошта индексін өзгерту (өнім өндіру орны фактілік өзгермеген жағдайда) – өнім өндірушіге қатысты;

3-2) заңды тұлғаның атауын, жеке кәсіпкер ретінде тіркелген жеке тұлғаның тегін, атын, әкесінің атын (бар болса) өзгерту, тіркеу немесе есептік (жеке, сәйкестендіру) нөмірі сақталған және өнім өндіру орнын өзгеріссіз қалдырған жағдайда;

4) ЕАЭО СЭҚ ТН кодтарының өзгеруі;

5) өнім өндіру орындарының мекенжайлары санын қысқарту.

Жаңа сәйкестік декларациясының қолданылу мерзімінің аяқталу күні ауыстырылатын сәйкестік декларациясының қолданылу мерзімінің аяқталу күні болып белгіленеді.

Географиялық объектінің, көше-көлік желісінің элементінің (көшесі, проспекті, алаңы, переулкі, өткелі, жағалауы, бульвары және тағы басқалар), жоспарлау құрылымының элементінің (ауданы, микроауданы және тағы басқалар), мекенжай нысанының нөмірлеуін (үй, бөлме және тағы басқалар), пошта индексін өзгерту, өтініш беруші және (немесе) өнім өндіруші болып табылатын заңды тұлғаның мекенжайы, жеке кәсіпкер ретінде тіркелген жеке тұлғаның тұрғылықты жері, өтініш берушінің қызмет көрсету орнының мекенжайы, өнім өндіру орнының мекенжайы (аталған мекенжайлардың фактілік өзгермеуі жағдайында), өтініш берушінің телефон нөмірін және (немесе) электрондық поштасының мекенжайын өзгерту, ЕАЭО СЭҚ ТН кодтарының өзгеруі кезінде сәйкестік декларациясын және (немесе) оған қосымшаларды ауыстыру талап етілмейді және өтініш берушінің талабы бойынша жүзеге асырылады.

Ескерту. 137-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Сауда және интеграция министрінің 15.09.2025 № 263-НҚ (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

138. Сәйкестік туралы декларацияның 10-11-жолдарында көрсетілетін ақпараттың едәуір көлемі кезінде мұндай ақпарат сәйкестік туралы декларацияға қосымшада келтіріледі және сәйкестік туралы декларацияның ажырамас бөлігі болып табылады. Қосымшаның әрбір беті нөмірленеді, оған сәйкестік туралы декларацияның тіркеу нөмірі, СРО басшысының немесе сәйкестік туралы декларацияны берген ол уәкілеттік берген тұлғаның тегі, аты және әкесінің аты (бар болса) қойылады.

3-параграф. Кезеңдік бағалауды жүргізу тәртібі

139. Кезеңдік бағалау сертификатталған өнімнің, көрсетілетін қызметтің және процестің техникалық регламенттердің және (немесе) стандарттау жөніндегі құжаттардың сертификаттау кезінде расталған талаптарына сәйкестігін белгілеу мақсатында сәйкестік сертификатының бүкіл қолданылу мерзімі ішінде аккредиттелген СРО жүзеге асыратын сәйкестікті жүйелі бағалауды білдіреді.

Кезеңдік бағалау өнімнің, көрсетілетін қызметтің, процестің техникалық регламенттерде және (немесе) стандарттау жөніндегі құжаттарда белгіленген талаптарға сәйкестігін айқындау тәсілдерін белгілейтін өнімді, көрсетілетін қызметті сертификаттау схемаларына сәйкес сәйкестік сертификатының бүкіл қолданылу мерзімі ішінде жылына кемінде 1 (бір) рет жоспарлы және жоспардан тыс кезеңдік бағалау нысанында жүзеге асырылады.

Кезеңдік бағалау өнімнің өмірлік циклінің процестерін қоса алғанда, өткізілетін өнімнің немесе қандай да бір берілген нәтижеге қол жеткізу жөніндегі өзара байланысты және дәйекті іс-қимылдар (жұмыстар) жиынтығының техникалық регламенттерде және (немесе) стандарттау жөніндегі құжаттарда белгіленген талаптарға сәйкес келуін растау үшін өнім үлгілерін сынауды және тексерулерді қамтиды.

140. Сәйкестік сертификатын берген аккредиттелген СРО кезеңдік бағалау кезінде сынақтардың кезеңділігі мен көлемін анықтайды.

Сертификатталған өнімді, көрсетілетін қызметті және процесті жоспарлы кезеңдік бағалау өнімді, көрсетілетін қызметтерді сертификаттау схемаларына сәйкес өнімнің үлгілерін (сынамаларын) бірдейлендіруді, зерттеуді (сынауды) және өлшеуді жүргізу және (немесе) өндірістің жай-күйіне талдау жүргізу арқылы жүргізіледі.

Сертификатталған өнімді, көрсетілетін қызметті және процесті жоспардан тыс кезеңдік бағалауды тұтынушылардан және (немесе) мемлекеттік бақылау және қадағалау органдарынан өнімнің, көрсетілетін қызметтің, процестің қауіпсіздігіне қойылатын талаптар туралы ақпарат келіп түскен жағдайда СРО жүргізеді.

141. Кезеңдік бағалаудың кезеңділігі мен көлемін айқындау үшін өлшемшарттар өнімнің, көрсетілетін қызметтің әлеуетті қауіптілік дәрежесі, өндіріс тұрақтылығы, шығару көлемі, менеджмент жүйесінің болуы болып табылады.

142. Кезеңдік бағалау бағдарламасын тексеру басталғанға дейін аккредиттелген СРО басшысы бекітеді.

143. Кезеңдік бағалау, егер бұл өнімді, көрсетілетін қызметтерді сертификаттау схемаларында көзделсе, мынадай жұмыс түрлерін қамтиды:

1) сертификатталған өнім, көрсетілетін қызмет, процесс туралы келіп түсетін ақпаратты талдау;

2) тұрақты сапалы өнім шығару үшін қажетті шарттардың немесе қызмет көрсету процесінің тұрақтылығы үшін қажетті шарттардың сақталуын тексеру;

3) өнімге сынақ жүргізу және олардың нәтижелерін талдау;

4) бақылау және шешім қабылдау нәтижелерін ресімдеу.

144. Сертификатталған өнімді, қызметті, процесті кезеңдік бағалау нәтижелері бойынша СРО келесі шешімдердің бірін қабылдайды:

1) сәйкестік сертификатының қолданысы расталған деп саналсын;

2) сәйкестік сертификатының қолданылуын тоқтата тұру;

3) сәйкестік сертификатының қолданылуын тоқтату.

Өнімнің, көрсетілетін қызметтің, процестің сәйкестік сертификатының қолданылуын растау туралы шешім сертификатталған өнімді, көрсетілетін қызметті, процесті кезеңдік бағалаудың оң нәтижелері кезінде қабылданады.

Өнімнің, көрсетілетін қызметтің, процестің сәйкестік сертификатының қолданылуын тоқтата тұру туралы шешім, егер түзету іс-шараларын жүргізу нәтижесінде өтініш берушінің өнімнің, көрсетілетін қызметтің, процестің техникалық регламенттің және (немесе) стандарттау жөніндегі құжаттардың талаптарына сәйкес келмеу себептерін жоюға және оның сәйкестігін растауға мүмкіндігі болған жағдайда қабылданады.

Өтініш берушінің түзету іс-шараларын орындау және оларды СРО қанағаттанарлық деп тану нәтижелері бойынша өнімнің, көрсетілетін қызметтің, процестің сәйкестік сертификатының қолданысы жаңартылады.

Өтініш беруші түзету іс-шараларын орындамаған, оның ішінде онда Белгіленген мерзімдерді сақтамаған және (немесе) түзету іс-шараларын нәтижесіз деп таныған жағдайда СРО өнімнің, көрсетілетін қызметтің, процестің сәйкестік сертификатының қолданылуын тоқтату туралы шешім қабылдайды.

Егер түзету іс-шараларының нәтижесінде өтініш берушінің өнімнің, көрсетілетін қызметтің, процестің техникалық регламенттің және (немесе) стандарттау жөніндегі құжаттардың талаптарына сәйкес келмеу себептерін жоюға және оның сәйкестігін растауға мүмкіндігі болмаса, сәйкестік сертификатының қолданысы тоқтатылады.

ЗҚАИ-ның ескертпесі!

145-тармақ жаңа редакцияда көзделген - ҚР Сауда және интеграция министрінің м.а . 01.04.2026 № 155-НҚ (12.07.2026 бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

145. Өнімнің, көрсетілетін қызметтің, процестің сәйкестік сертификатын берген өнімнің, көрсетілетін қызметтің, СРО процесінің сәйкестік сертификатының қолданылуын тоқтата тұру, қайта бастау немесе тоқтату туралы мәліметтер техникалық реттеудің ақпараттық жүйесі арқылы өтініш берушінің назарына жеткізіледі және техникалық реттеу тізіліміне енгізіледі.

146. Кезеңдік бағалау нәтижелері актімен ресімделеді, онда үлгілерді сынау және басқа да тексерулер нәтижелеріне баға беріледі, сертификатталған өнім өндірісінің немесе процестің қандай да бір тапсырылған нәтижесіне қол жеткізу жөніндегі іс-әрекеттердің (жұмыстардың) жай-күйі және берілген сәйкестік сертификатының іс-әрекетін сақтау мүмкіндігі туралы қорытынды беріледі.

ЗҚАИ-ның ескертпесі!

146-тармақтың екінші бөлігі жаңа редакцияда көзделген - ҚР Сауда және интеграция министрінің м.а. 01.04.2026 № 155-НҚ (12.07.2026 бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

Акт аккредиттелген СРО-ға, өтініш берушіге (өндіруші кәсіпорынға, сатушыға) және кезеңдік бағалауға қатысқан ұйымға қол жетімді техникалық реттеудің ақпараттық жүйесінде сақталады.

147. Кезеңдік бағалауды аккредиттелген СРО шарт негізінде жүргізеді.

148. Сертификатталған өнімді дайындау (өндіру) тоқтатыла тұрған және (немесе) зерттеулер (сынақтар) мен өлшеулер жүргізу үшін өнім үлгілері (сынамалары) болмаған жағдайда өтініш беруші белгіленген СРО-ға дейін және өтініш берушімен келісілген сертификатталған өнімді кезеңдік бағалауды жүргізу мерзіміне дейін бұл туралы СРО-ны жазбаша хабардар етеді.

149. Алынған хабарлама негізінде СРО сертификатталған өнімге кезеңдік бағалау жүргізу мерзімін, бірақ 6 айдан аспайтын мерзімге ауыстыруға рұқсат етіледі.

4-параграф. Сәйкестікті бағалау туралы құжаттардың қолданылуын тоқтата тұру, қайта бастау және тоқтату тәртібі

150. Сәйкестікті бағалау туралы құжаттардың қолданылуын тоқтата тұрады, қайта бастайды немесе тоқтатады:

- 1) СРО;
- 2) аккредиттелген зертхана;
- 3) уәкілетті орган.

Ескерту. 150-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Сауда және интеграция министрінің м.а. 09.10.2024 № 350-НҚ (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

151. Сәйкестікті бағалау туралы берілген құжаттардың қолданылуын тоқтата тұру 1 (бір) айға дейінгі мерзімге жүзеге асырылады.

152. Сәйкестікті бағалау туралы берілген құжаттардың әрекеті СРО-мен тоқтатылады:

1) осы өнімді, көрсетілетін қызметті, процесті өндіруді тоқтатуды қоспағанда, СРО-мен өтініш беруші арасындағы өзара келісім бойынша;

2) сертификатталған өнімді, көрсетілетін қызметті, процесті кезеңдік бағалаудың теріс нәтижелері бойынша, егер СРО-мен келісілген түзету іс-қимылдары арқылы өтініш беруші анықталған сәйкессіздіктерді жояды және өнімнің, көрсетілетін қызметтің, процестің техникалық регламенттерде, стандарттау жөніндегі құжаттарда белгіленген талаптарға сәйкестігін қосымша сынақтар (тексерулер) жүргізбестен растайды;

3) өнімнің конструкциясына (құрамына) немесе оны өндіру технологиясына толық немесе ішінара сынақтар немесе өнім өндірісінің, қызметтер көрсетудің, процестің жай-күйін бағалау жүргізілгенге дейін сертификаттау кезінде куәландырылатын көрсеткіштерге әсер етпейтін өзгерістер енгізу туралы хабарлама болған жағдайда;

4) егер көрсетілген өзгерістер қызметтер мен қызмет көрсету шарттарының сертификаттау кезінде тексерілетін талаптарға сәйкессіздігін тудырмаса, өнім өндіру технологиясының, қызметтер көрсетудің технологиялық процесінің талаптарын өзгерту (орындамау) ;

5) өнімнің, көрсетілетін қызметтің, процестің техникалық регламенттерде, стандарттау жөніндегі құжаттарда белгіленген талаптарға сәйкессіздігі туралы техникалық реттеу саласындағы мемлекеттік бақылауды және қадағалауды жүзеге асыратын мемлекеттік органдардан расталған мәліметтер болған жағдайда, егер СРО-мен келісілген түзету іс-қимылдары арқылы өтініш беруші анықталған сәйкессіздіктерді жояды және өнімнің, көрсетілетін қызметтің, процестің жоғарыда көрсетілген талаптарға сәйкестігін қосымша сынақтар (тексерулер) жүргізбестен растайды;

6) өнім, көрсетілетін қызмет, процесс техникалық регламенттерде, стандарттау жөніндегі құжаттарда белгіленген талаптарға сәйкес келмеген жағдайда, егер СРО-мен келісілген түзету іс-қимылдары арқылы өтініш беруші анықталған сәйкессіздіктерді жояды және қосымша сынақтар (тексерулер) жүргізбестен өнімнің, көрсетілетін қызметтің, процестің жоғарыда көрсетілген талаптарға сәйкестігін растайды.

153. Сәйкестікті бағалау туралы берілген құжаттардың әрекетін СРО тоқтатады:

1) осы өнімді, көрсетілетін қызметті, процесті өндіруді тоқтатуға байланысты немесе негізделген өзге де себептер бойынша СРО мен өтініш беруші арасындағы өзара келісім бойынша;

2) егер анықталған сәйкессіздік түзетілмейтін болса немесе өнімнің, көрсетілетін қызметтің, процестің техникалық регламенттерде, стандарттау жөніндегі құжаттарда

белгіленген талаптарға сәйкестігіне қосымша сынақтар (тексерулер) жүргізу талап етілсе, сертификатталған өнімді, көрсетілетін қызметті, процесті кезеңдік бағалаудың теріс нәтижелері бойынша жүргізіледі;

3) өнімнің конструкциясына (құрамына) немесе оны өндіру технологиясына толық немесе ішінара сынақтар немесе өнім өндірісінің, қызметтер көрсетудің, процестің жай-күйін бағалау жүргізілгенге дейін сертификаттау кезінде куәландырылатын көрсеткіштерге әсер ететін өзгерістер енгізу туралы хабарлама болған жағдайда;

4) өнім, көрсетілетін қызмет, процесс техникалық регламенттерде, стандарттау жөніндегі құжаттарда белгіленген талаптарға сәйкес келмеген жағдайда;

5) егер өтініш беруші олардың арасында жасалған шартта көзделген өнімді сертификаттау схемасында (кезеңдік бағалау) белгіленген СРО алдындағы өз міндеттемелерін орындамаса;

6) егер өтініш беруші сәйкестікті растау саласындағы құжаттың қолданылуын тоқтата тұру кезеңінде осы Қағидалардың 152-тармағының 2), 5) және 6) тармақшаларының талаптарын орындамаса;

7) егер анықталған сәйкессіздік түзетілмейтін болса немесе өнімнің, көрсетілетін қызметтің, процестің техникалық регламенттерде, стандарттау жөніндегі құжаттарда белгіленген талаптарға сәйкестігіне қосымша сынақтар (тексерулер) жүргізу талап етілсе, өнімнің, көрсетілетін қызметтің, процестің техникалық реттеу саласында мемлекеттік бақылауды және қадағалауды жүзеге асыратын мемлекеттік органдардан өнімнің, көрсетілетін қызметтің, процестің техникалық регламенттерде, стандарттау жөніндегі құжаттарда белгіленген талаптарға сәйкес еместігі туралы расталған мәліметтер болған;

8) стандарттау жөніндегі құжат, бақылау және сынау әдісі, менеджмент жүйесі, өнімнің конструкциясы (құрамы), жиынтықтылығы, өнімді, көрсетілетін қызметтерді өндіруді ұйымдастыру және (немесе) технологиясы, процесс өзгерген жағдайда СРО-ны тиісті хабардар етпестен немесе келісімінсіз жол берілмейді;

9) стандарттау жөніндегі құжат, бақылау және сынау әдісі, менеджмент жүйесі, өнімнің конструкциясы (құрамы), жиынтықтылығы, өндіріс ұйымы және (немесе) технологиясы өзгерген жағдайда, егер көрсетілген өзгерістер қызметтер мен қызмет көрсету шарттарының сертификаттау кезінде тексерілетін талаптарға сәйкес келмеуін туындататын болса, өнім өндіру технологиясының, қызметтер көрсету технологиялық процесінің талаптарын өзгерту (орындамау);

ЗҚАИ-ның ескертпесі!

154-тармақ жаңа редакцияда көзделген - ҚР Сауда және интеграция министрінің м.а . 01.04.2026 № 155-НҚ (12.07.2026 бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

154. Сәйкестікті бағалау туралы құжаттың қолданылуын тоқтата тұру немесе тоқтату туралы шешімді сәйкестікті растау саласында берілген құжаттарды есепке алу үшін техникалық реттеу тізіліміне тиісті жазбаны енгізе отырып, техникалық реттеудің

ақпараттық жүйесіндегі СРО қабылдайды және өтініш берушіні, тұтынушыларды, уәкілетті органды және сертификаттауға мүдделі қатысушыларды хабардар етеді.

Сәйкестікті бағалау туралы құжаттардың қолданылуы тоқтатылған жағдайда СРО олардың тоқтатылғаны туралы мәліметтерді техникалық реттеудің ақпараттық жүйесінде уәкілетті органға жібереді.

155. Өнімнің сәйкестік сертификатын берген СРО-мен келісілген түзету іс-шараларын әзірлеу және жүргізу кезеңінде өнімнің сәйкестік сертификатының қолданылуын тоқтата тұру туралы шешім, егер өтініш беруші түзету іс-шараларын жүргізу арқылы анықталған сәйкессіздіктерді жойса және өнімнің техникалық регламент талаптарына сәйкестігін растаса қабылданады. Егер мұны істеу мүмкін болмаса, өнімнің сәйкестік сертификатының қолданылуы тоқтатылады.

156. Өнімнің сәйкестік сертификатын берген СРО өнімінің сәйкестік сертификатының қолданысы тоқтатыла тұрған жағдайда:

- 1) өнімнің сәйкестік сертификатының қолданылуын тоқтата тұру туралы шешім қабылдайды және бірыңғай айналым белгісін қолдануға уақытша тыйым салады;
- 2) өнімнің сәйкестік сертификатының қолданылуын тоқтата тұру туралы ақпаратты техникалық реттеу тізіліміне енгізеді;
- 3) өтініш берушінің түзету іс-шараларын жүргізу мерзімін белгілейді;
- 4) өтініш берушінің түзету іс-шараларын жүргізуін бақылайды.

157. Өнімнің сәйкестік сертификатының қолданысы тоқтатыла тұрған жағдайда өтініш беруші:

- 1) техникалық регламент талаптарына сәйкес келмейтін өнім санын сәйкестендіреді және айқындайды;
- 2) анықталған сәйкессіздіктерді жою бойынша түзету іс-шараларын әзірлейді және жүргізуді қамтамасыз етеді;
- 3) мүше мемлекеттердің заңнамасында белгіленген тәртіппен тұтынушыларды өнімді қолдану (пайдалану) қаупі туралы хабардар етеді;
- 4) СРО-ға түзету іс-шараларын жүргізудің аяқталғаны туралы жазбаша хабарлайды.

158. Өтініш беруші өнімнің сәйкестік сертификатын берген СРО түзету іс-шараларын жүргізгеннен кейін:

- 1) өнімнің сәйкестік сертификатының қолданылуын қайта бастау туралы шешім қабылдайды және айналыстың бірыңғай белгісін қолдануға рұқсат береді;
- 2) өнімнің сәйкестік сертификатының қолданылуын қайта бастау туралы ақпаратты техникалық реттеу тізіліміне енгізеді.

159. Өнімнің сәйкестік сертификатының қолданылуын тоқтату туралы шешім, егер өтініш беруші анықталған сәйкессіздіктер мен олардың себептерін жоймаса, сондай-ақ өнімді қолдану (пайдалану) қаупі болған жағдайда қабылданады.

Берілген өнімнің сәйкестік сертификатының қолданылуын тоқтата тұру, қайта бастау немесе тоқтату қажет болған жағдайда өтініш беруші өтініш берушінің

бастамасы бойынша көрсетілген сертификатты берген СРО-ға тиісті өтініш (себептерін көрсете отырып) жібереді.

Өтінішпен бірге өнімнің сәйкестік сертификаты және берілген өнімнің сәйкестік сертификатының қолданылуын тоқтата тұру, қайта бастау немесе тоқтату үшін негіз болып табылатын құжаттар ұсынылады.

160. СРО берілген өнімнің сәйкестік сертификатының қолданылуын тоқтата тұру, қайта бастау немесе тоқтату туралы шешім қабылдайды.

161. Өтініш беруші өнімнің сәйкестік сертификатының қолданысы тоқтатыла тұрғаннан кейін оның қолданылуын қалпына келтіру туралы шешім қабылдаған жағдайда, СРО өтініш берушінің өтініші бойынша сертификатталған өнімге кезеңдік бағалау жүргізілгеннен кейін көрсетілген сәйкестік сертификатының қолданылуын қайта бастау туралы шешім қабылдайды.

162. СРО өнімнің сәйкестік сертификатының қолданылуын тоқтата тұру, қайта бастау немесе тоқтату туралы тиісті ақпаратты техникалық реттеу тізіліміне енгізеді.

163. Өнімнің сәйкестік сертификатының қолданылуы берілген сәйкестік сертификаттарының және тіркелген сәйкестік туралы декларациялардың бірыңғай тізіліміне тиісті мәліметтер енгізілген күннен бастап тоқтатыла тұрады, қайта басталады немесе тоқтатылады.

164. Өнімге, көрсетілетін қызметке сәйкестікті бағалау туралы құжаттардың қолданылуын, процесті уәкілетті органның лауазымды адамдары мынадай жағдайларда тоқтата тұрады:

1) жеке және заңды тұлғалардың (дайындаушы, орындаушы, сатушы) техникалық регламенттерде, стандарттау жөніндегі құжаттарда белгіленген талаптарға сәйкес келмейтін өнімді айналымға шығаруы, көрсетілетін қызметтерді, процестерді жүзеге асыруы;

2) өнімді, көрсетілетін қызметті, процесті техникалық реттеу саласындағы мемлекеттік бақылау мен қадағалаудың теріс нәтижелері бойынша, егер СРО-мен келісілген түзету іс-қимылдары арқылы өтініш беруші анықталған сәйкессіздіктерді жояды және қосымша сынақтар жүргізбестен өнімнің, көрсетілетін қызметтің, процестің техникалық регламенттерде, стандарттау жөніндегі құжаттарда белгіленген талаптарға сәйкестігін растайды;

3) өнімнің, көрсетілетін қызметтердің, процестің техникалық регламенттерде, стандарттау жөніндегі құжаттарда белгіленген талаптарға сәйкессіздігі туралы техникалық реттеу саласындағы мемлекеттік бақылауды және қадағалауды жүзеге асыратын мемлекеттік органдардан расталған мәліметтер болған жағдайда, егер СРО-мен келісілген түзету іс-қимылдары арқылы өтініш беруші анықталған сәйкессіздіктерді жояды және өнімнің, көрсетілетін қызметтің, процестің жоғарыда көрсетілген талаптарға сәйкестігін қосымша сынақтар жүргізбестен растайды.

165. Сәйкестікті бағалау туралы берілген құжаттардың қолданылуы уәкілетті органның лауазымды тұлғаларымен келесі жағдайларда тоқтатылады:

1) өтініш берушінің сәйкестікті растау саласындағы құжаттардың қолданылуын тоқтату туралы негізделген шешім қабылдауы;

2) егер анықталған сәйкессіздік түзетілмейтін болса немесе өнімнің, көрсетілетін қызметтің, процестің техникалық регламенттерде, стандарттау жөніндегі құжаттарда белгіленген талаптарға сәйкестігіне қосымша сынақтар (тексерулер) жүргізу талап етілсе, өнімге, көрсетілетін қызметке, процеске мемлекеттік бақылау мен қадағалаудың сынақтарының (тексерулерінің) теріс нәтижелері қоса беріледі;

3) өнімнің, көрсетілетін қызметтің, процестің техникалық регламенттерде, стандарттау жөніндегі құжаттарда белгіленген талаптарға сәйкес келмеуі;

4) егер өтініш беруші сәйкестікті растау саласындағы құжаттың қолданылуын тоқтата тұру кезеңінде осы Қағидалардың 164-тармағы 2) және 3) тармақшаларының талаптарын орындамаса;

5) өнім өндіру, қызметтер көрсету жөніндегі, процестер бойынша кәсіпорын қызметін тоқтатқан, берген немесе таратылған жағдайда;

6) өнімнің, көрсетілетін қызметтің, процестің техникалық регламенттерде, стандарттау жөніндегі құжаттарда белгіленген талаптарға сәйкес еместігі туралы техникалық реттеу саласындағы мемлекеттік бақылауды және қадағалауды жүзеге асыратын мемлекеттік органнан расталған мәліметтердің болуы,

7) СРО сәйкестікті растау және (немесе) бағалау рәсімдерін жүргізу қағидаларын бұзған жағдайларда жүргізіледі;

8) сәйкестікті растауды және (немесе) бағалауды жүргізу кезінде сынақтардың (тексерулердің) анық емес нәтижелері;

9) стандарттау жөніндегі құжат, бақылау және сынау әдісі, менеджмент жүйесі, өнімнің конструкциясы (құрамы), жиынтықтылығы, өнімді, көрсетілетін қызметтерді өндіруді ұйымдастыру және (немесе) технологиясы, процесс өзгерген жағдайда СРО-ны тиісті хабардар етпестен немесе келісімінсіз жол берілмейді;

10) стандарттау жөніндегі құжат, бақылау және сынау әдісі, менеджмент жүйесі, өнімнің конструкциясы (құрамы), жинақтылығы, өндіріс ұйымы және (немесе) технологиясы өзгерген жағдайда, егер көрсетілген өзгерістер қызметтер мен қызмет көрсету шарттарының сертификаттау кезінде тексерілетін талаптарға сәйкес келмеуін туындататын болса, өнім өндіру технологиясының, қызметтер көрсету технологиялық процесінің талаптарын өзгертуді (орындамауды) білдіреді.

165-1. Аккредиттелген зертханамен көлік құралы конструкциясының қауіпсіздігі туралы берілген куәліктің қолданылуын тоқтату мынадай негіздер бойынша жүргізіледі :

1) кеден саласындағы уәкілетті органмен көлік құралын еркін айналымға шығарғанға дейін аккредиттелген зертханаға көлік құралы иесінің берілген өтініші;

2) аккредиттеу жөніндегі органның көлік құралы конструкциясының қауіпсіздігі туралы куәлікте көрсетілген көлік құралының құрылымдық параметрлері мен сипаттамалары туралы деректердің сәйкессіздігін анықтауы;

3) техникалық реттеу саласындағы мемлекеттік бақылау мен қадағалауды және сәйкестікті бағалау саласындағы аккредиттеу туралы заңнаманың сақталуын мемлекеттік бақылауды жүзеге асыру кезінде уәкілетті орган ведомствосының аумақтық бөлімшелерімен бұзушылықтарды анықтауы.

Аккредиттелген зертхана өз қызметін тоқтатқан жағдайларда көлік құралы конструкциясының қауіпсіздігі туралы куәліктің қолданылуын уәкілетті орган тоқтатады.

Ескерту. Қағидалар 165-1-тармақпен толықтырылды – ҚР Сауда және интеграция министрінің м.а. 09.10.2024 № 350-НҚ (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

ЗҚАИ-ның ескертпесі!

165-2-тармақ жаңа редакцияда көзделген - ҚР Сауда және интеграция министрінің м.а. 01.04.2026 № 155-НҚ (12.07.2026 бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

165-2. Аккредиттелген зертхана техникалық реттеудің ақпараттық жүйесінде көлік құралы конструкциясының қауіпсіздігі туралы куәліктің қолданылуын тоқтату кезінде осы Қағидалардың 165-1-тармағы бірінші бөлігінің 1), 2) және 3) тармақшаларында көзделген негіздердің бірін көрсетеді және аккредиттелген зертхананың көлік құралы конструкциясының қауіпсіздігі туралы куәліктің қолданылуын тоқтату туралы шешімінің көшірмесін электрондық түрде қоса береді.

Ескерту. Қағидалар 165-2-тармақпен толықтырылды – ҚР Сауда және интеграция министрінің м.а. 09.10.2024 № 350-НҚ (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

ЗҚАИ-ның ескертпесі!

165-3-тармақ жаңа редакцияда көзделген - ҚР Сауда және интеграция министрінің м.а. 01.04.2026 № 155-НҚ (12.07.2026 бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

165-3. Көлік құралы конструкциясының қауіпсіздігі туралы куәліктің қолданылуын тоқтату кезінде техникалық реттеудің ақпараттық жүйесі көлік құралы конструкциясының қауіпсіздігі туралы куәліктің қолданылуын тоқтату туралы хабарламаны автоматты түрде қалыптастырады, ол жол жүрісі қауіпсіздігін қамтамасыз ету жөніндегі уәкілетті органның ресми электрондық поштасына жіберіледі.

Ескерту. Қағидалар 165-3-тармақпен толықтырылды – ҚР Сауда және интеграция министрінің м.а. 09.10.2024 № 350-НҚ (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

165-4. Егер көлік құралы конструкциясының қауіпсіздігі туралы куәліктің қолданылуын тоқтату себебі КО ТР 018/2011 белгіленген қауіпсіздік талаптарына сәйкес келмеуімен байланысты болмаса, аккредиттелген зертханасы осы көлік

құралына көлік құралы конструкциясының қауіпсіздігі туралы жаңа куәлік ресімдейді, бұл ретте КО ТР 018/2011 № 17 қосымшасында "ҚОСЫМША АҚПАРАТ" бағанында " Көлік құралы конструкциясының қауіпсіздігі туралы куәліктің ОРНЫНА №___ " деген жазба жасалады.

Ескерту. Қағидалар 165-4-тармақпен толықтырылды – ҚР Сауда және интеграция министрінің м.а. 09.10.2024 № 350-НҚ (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

ЗҚАИ-ның ескертпесі!

165-5-тармақтың бірінші абзацы жаңа редакцияда көзделген - ҚР Сауда және интеграция министрінің м.а. 01.04.2026 № 155-НҚ (12.07.2026 бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

165-5. Тоқтатылғанның орнына шығарылған көлік құралы конструкциясының қауіпсіздігі туралы куәлікті ресімдеу туралы хабарлама техникалық реттеудің ақпараттық жүйесімен:

1) тіркеу мәліметтерін түзету үшін жол жүрісі қауіпсіздігін қамтамасыз ету жөніндегі уәкілетті органның;

2) кедендік төлемдерді, салықтар мен алымдарды қосымша есептеу үшін салықтар мен бюджетке төленетін төлемдердің түсуін қамтамасыз ету саласындағы уәкілетті органның;

3) кәдеге жарату алымын қосымша есептеу бөлігінде өндірушілердің (импорттаушылардың) кеңейтілген міндеттемелерінің операторының ресми электрондық пошталарына жіберіледі.

Ескерту. Қағидалар 165-5-тармақпен толықтырылды – ҚР Сауда және интеграция министрінің м.а. 09.10.2024 № 350-НҚ (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

166. Техникалық реттеу саласындағы өнімді, көрсетілетін қызметті, процесті техникалық регламенттердің талаптарына сәйкестігіне мемлекеттік бақылау және қадағалау нәтижелері бойынша, өнімнің, көрсетілетін қызметтің, процестің Кеден одағының (Еуразиялық экономикалық одақтың) техникалық регламенттерінің талаптарына сәйкестігін бағалау туралы құжаттарды беру (қабылдау) кезінде сәйкестікті бағалау қағидаларының сақталуына, сондай-ақ мемлекеттік органдар мониторингінің нәтижелері бойынша, Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес техникалық реттеу саласындағы мемлекеттік бақылауды және қадағалауды жүзеге асыруға уәкілетті уәкілетті органның лауазымды адамдары:

1) техникалық регламенттердің, стандарттау жөніндегі құжаттардың талаптарына сәйкес келмейтін өнімге, көрсетілетін қызметке, процеске сәйкестікті бағалау туралы құжаттардың Қазақстан Республикасының аумағында күшін жою немесе қолданысын тоқтата тұру туралы шешім қабылдайды;

2) Қазақстан Республикасының аумағында өнімге, көрсетілетін қызметке, процеске сәйкестікті бағалау туралы құжаттардың күшін жою немесе қолданылуын тоқтата тұру туралы шешімді техникалық регламенттер талаптарының сақталуын техникалық реттеу саласында бақылауды және қадағалауды жүзеге асыратын мемлекеттік органдарға, сондай-ақ осындай өнімнің Қазақстан Республикасының аумағына әкелінуін және (немесе) айналысын болғызбау үшін кеден органдарына жібереді;

3) Еуразиялық экономикалық одаққа мүше басқа мемлекет берген сәйкестікті бағалау туралы құжаттарға қатысты қабылданған шешім туралы ақпаратты он күн мерзімде Еуразиялық экономикалық комиссияға және аумағында көрсетілген құжаттар берілген Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттің уәкілетті органдарына жібереді.

ЗҚАИ-ның ескертпесі!

166-тармақтың екінші бөлігі жаңа редакцияда көзделген - ҚР Сауда және интеграция министрінің м.а. 01.04.2026 № 155-НҚ (12.07.2026 бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

Сәйкестік туралы декларацияның қолданылуы техникалық реттеудің ақпараттық жүйесіне тиісті мәліметтер енгізілген күннен бастап тоқтатыла тұрған, жаңартылған немесе тоқтатылған деп есептеледі.

ЗҚАИ-ның ескертпесі!

167-тармақ жаңа редакцияда көзделген - ҚР Сауда және интеграция министрінің м.а. 01.04.2026 № 155-НҚ (12.07.2026 бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

167. Сәйкестік сертификатының қолданылуын тоқтата тұру, қайта бастау және тоқтату техникалық реттеудің ақпараттық жүйесі арқылы техникалық реттеу тізілімінде тіркеледі.

8-тарау. Қолайсыз эпидемиологиялық ахуал жағдайларында сериялы шығарылатын өнімді сертификаттау кезінде қолданылатын уақытша шаралар

168. Осы тараудың ережелері Қазақстан Республикасының Бас мемлекеттік санитариялық дәрігері Еуразиялық экономикалық одақтың кедендік шекарасымен тұспа-тұс келетін Қазақстан Республикасының Мемлекеттік шекарасы арқылы өткізу пункттерінде немесе кәсіпкерлік және (немесе) өзге де қызмет пен халықтың өмірінің ерекше жағдайлары бар Қазақстан Республикасының бүкіл аумағында шектеу іс-шараларын, оның ішінде карантин енгізген жағдайда қолданылады.

169. Осы тараудың мақсаттары үшін қашықтықтан бағалау деп қашықтықтан өзара іс-қимыл жасау құралдарын (аудио-және бейне-конференцбайланыс) пайдалана отырып, бағалау объектісінің орналасқан жеріне бармай-ақ сертификаттау шеңберінде бағалау рәсімдерін жүргізуді қамтамасыз ететін (бағалау объектісінің орналасқан жеріне баруды көздейтін) қашықтықтан бағалау әдісі түсініледі.

170. СРО-ға қашықтықтан бағалау нысанында сериялық шығарылатын өнімді сертификаттау жүргізуге өтінім келіп түскен жағдайда, СРО шешімі бойынша сертификатталған өнім өндірісінің жай-күйін алдыңғы талдау нәтижелері немесе өндіріс жай-күйін талдау нәтижелерін қоса алғанда, көрсетілген сертификатталған өнімді кезеңдік бағалау мынадай шарттар сақталған жағдайда осы өнімге ішінара немесе толық таратуға жол беріледі:

1) көрсетілген сертификатталатын өнімге қатысты СРО-да техникалық регламенттердің міндетті талаптарын бұзудың анықталған фактілері туралы мәліметтер жоқ;

2) өнімді сертификаттау жөніндегі жұмыстарды өндірістің жай-күйіне алдыңғы талдау немесе осы сертификатталған өнімді кезеңдік бағалау жүргізген және тиісінше өндірістің жай-күйін талдау нәтижелері туралы актіні немесе сертификатталған өнімді кезеңдік бағалау актісін ресімдеген сол СРО жүргізеді;

3) өнімді сертификаттауды жүргізуге өтінімді өтініш беруші өндірістің жай-күйіне бұрын жүргізілген талдау және өндірістің жай-күйін талдау нәтижелері туралы актіні немесе сертификатталған өнімді кезеңдік бағалауды ресімдеу және сертификатталған өнімді кезеңдік бағалау актісін ресімдеу күнінен бастап 24 (жиырма төрт) ай өткенге дейін берсе, тоқтатыла тұрады;

4) өнімнің конструкциясында (құрамында) немесе оны өндіру технологиясында бұрын сертификатталған өнімнен өнімнің техникалық регламенттердің талаптарына сәйкестігін қамтамасыз етуге әсер етпейтін айырмашылықтары болмайды немесе болмашы айырмашылықтары болады.

171. Қолайсыз эпидемиологиялық жағдай жағдайларында мақсаттарда қабылданған шектеулердің қолданылу кезеңінде сертификатталған өнімді жоспарлы кезеңдік бағалау мерзімі басталған жағдайда, оны жүргізу өнім үлгілерін (сынамаларын) зерттеу (сынау) және өлшеу арқылы жүзеге асырылады.

ЗҚАИ-ның ескертпесі!

171-тармақтың екінші бөлігі жаңа редакцияда көзделген - ҚР Сауда және интеграция министрінің м.а. 01.04.2026 № 155-НҚ (12.07.2026 бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

Бұл ретте, СРО техникалық реттеудің ақпараттық жүйесінде СРО-ның тиісті рәсімі шеңберінде сертификатталған өнімді өндірудің технологиялық процесінің және өнімге арналған техникалық құжаттаманың өзгермейтіндігі туралы дайындаушының хабарламасы болған жағдайда кезеңдік бағалауды 6 (алты) айға дейінгі мерзімге ауыстыру туралы шешім қабылдайды.

172. Қолайсыз эпидемиологиялық жағдай жағдайларында қабылданған шектеулерді бұзбай өнімді дайындау (өндіру) жөніндегі қызметті жүзеге асыру орнындағы өндірістің жай-күйін талдау рәсімі шеңберінде өндірістің жай-күйіне бұрын жүргізілген талдау нәтижелерін қабылдау және тиісті жұмыстарды ұйымдастыру үшін не Қазақстан

Республикасының аумағында алғаш рет айналысқа шығарылатын өнімге жаңа сәйкестік сертификатын беру кезінде мүмкіндік болмаған жағдайда, СРО өнімді өндіру шарттарын тексеруді қоса алғанда, өндірістің жай-күйіне талдау, Қазақстан Республикасының аумағында айналымға шығарылатын өнімнің техникалық регламенттердің талаптарына тұрақты (тұрақты) сәйкестігін қамтамасыз ету үшін дайындаушыда қажетті жағдайлардың болуын анықтауға мүмкіндік беретін дайындаушының сапа менеджменті жүйесін Құжаттамалық бағалаумен біріктірілген қашықтықтан бағалау арқылы мүмкін болады.

173. Қашықтықтан бағалау арқылы өндірістің жай-күйіне талдау жүргізу кезінде мынадай объектілер тексеріледі:

сертификатталатын өнімнің қауіпсіздік көрсеткіштеріне әсер ететін шикізатты, материалдарды немесе жинақтаушы бұйымдарды кіріс бақылау;

өндіріс инфрақұрылымы (өндірушінің аумағында орналасқан және өндірісті ұйымдастыруға қажетті объектілердің жиынтығы (өндірістік үй-жайлар, көлік және тағы басқа));

технологиялық процестер, оның ішінде арнайы процестер (техникалық регламентте тиісті талаптар болған жағдайда);

бақылау, өлшеу және сынау жабдықтарын басқару;

өнімнің техникалық регламентте белгіленген талаптарға сәйкестігін қамтамасыз ету үшін қажетті өлшеу құралдары;

